2006 жылдары менің кандидаттық диссертация қорғап жүрген кез еді. Осы жылы тарих ғылымы бойынша Диссертациялық Кеңестер Республикада жұмысты тоқтатқан болатын. Дегенмен, осы жылдары тек Ш. Уалиханов атындағы ғылым Академиясы мен Абай атындағы қазақ

ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы Диссертациялық Кеңестер ғана жұмысты тоқтатқан жоқ. Қазақта «Жақсының жақсылығын айт-нұры тасысын»-деген аталы сөз бар. Қай бір халықта болмасын өзінің туған халқы үшін бар өмірін сарп ететін үлкен жүректі біртуар адамдар болады.

Тохтар ағамыздың (ағайындылар осылай атайды - З. Ш.) да сондай туғанынан ерекше жаратылған өте білімдар, ғұлама, адамгершілігі мол жан болатын. Менің бұл жерде өз көзімен көріп қалғанымды айта кетсем, жұмыссыз қалып қойған қарапайым халық, немесе оқудан шығып кеткен студенттер және барша қауым Тохтар ағамыздан көмек күтіп тұратын. Академик ағамыз кез келген күрделі мәселені әділеттікпен шешетін ақжарқын азамат еді.

Тоқмұхамед Сәлменұлының ғалым ретінде қалыптасуына әсер еткен ортасындағы рухани-мәдени ахуал, мектеп ұстаздарының ықпалы, бала кезінде оқыған әдеби, тарихи кітаптар.

Академик ғалымның тұстас, замандастарының айтуы бойынша ол тек өз саласының білгірі болып қоймаған, сонымен қатар саясат, әдебиет, мәдениет, салаларын да тереңнен игерген жан болған. Сондықтан да болар Тохтар ағамыздың кімдермен болсын ортақ тіл табысып, күн тәртібінде тұрған мәселенің шешімін табуға тырысатын. Қоғамдық қызметін ғылыми жұмыстармен байланыстыра жүргізу нәтижесінде ірі табыстарға қол жеткізетін. Білім беру ісіндегі жоғары жетістіктері үшін оқу орны Қазақстан Республикасы Президентінің жоғары марапатына ие болды «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» 2007 жылғы «Алтын сапа» белгісін жеңіп алды.

Мемлекетіміздің алдында әлі де болса ұлан-ғайыр міндеттер тұр. Олар - әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени шаралар. Солардың маңыздыларының бірі – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттарында» атап көрсетілгендей рухани байлықтар, оның ішінде тарихи мұраларымызды қалыпқа келтіру мәселелері. Т. Садықовтың назарында әр қашанда болып тұрды. Қазақстан тарихы ғылымының сондай-ақ басқа да ғылым салаларының дамуының теориялық мәселелерін зерттеумен қатар, ғылыми-іздену жұмыстарына да басшылық жасап, бағыт-бағдар берді, көптеген тың мәселелерді көтеріп, оларды іске асырудың ұйымдастырушысы болды. Академиктің тікелей араласуымен бірнеше халықаралық форумдар өтілді. Соның бірі «Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтар, проблемалар, перспективалар» атты халықаралық симпозиумға әлемнің әр түкпірінен ғалымдар келіп халқымыздың құнды мұралары паш етілді.

Академик Т. С. Садықовтың мектебінен өткен ғалымдар туған Республикамыздың және одан да тыс жерлердің ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарда жемісті еңбек етуде. Өйткені Тохтар ағамыз беделді ғалым ретінде халықаралық деңгейде танылып, жоғары мектептің

Халықаралық ғылым академиясының, Ресей білім академиясының толық мүшесі, шетелдің тоғыз университетінің құрметті академигі. Жоғарыда айтып кеткендей, ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, ғылымының дамуына және ғылыми мамандарды дайындаудағы қосқан үлкен еңбегі үшін Т. С. Садықов «Британ орденіне» ие болды. Бұдан біздер ғылымға көңіл қойған әрбір азаматтың ынта-жігерін үнемі қолдап отырғанын, жалпы айтқанда, тек ізденушілерге ғана емес, барлығына құрметпен қарап, ақыл-кеңес бергенін көреміз.

Академиктың туған-туыс, жекжат, әріптестері ол біреуге ақыл-кеңес айтарда, мәселені арғыдан, алыстан бастай келіп, тыңдаушысын амалсыздан ойландырып, қатесі болса мойындатып, дұрыс шешім қабылдауға итермелейтін. Ол қандай бір адамды болмасын өзінің қарапайымдылығымен, парасаттылығымен баурап алатын еді деп еске алады.

Павлодар өңірінде оның шәкірттері саясаттану, тарих және педагогика ғылымдары саласында қаншама ғалымдар белсенді де жемісті еңбек етуде. Сондықтан болар Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты Токмұхамед Сәлменұлы Садықовтың атындағы Павлодар мемлекеттік педагогикалық Академия деп өзгеруі кездейсоқ емес деп білеміз. Екіншіден, құжат бойынша туған жері Алтай даласы болса да Павлодар оның туған жері болып есептеледі.

Тохтар ағамыздың кез-келген тарихи еңбектерінің мән-мазмұнына зер салсақ, одан біздер терең ойлылық пен пайым-парасаттылықтың ізін көреміз. Екіншіден, академик ғалымның тұстас, замандастарының жазған естеліктерінен оның тек өз саласының білгірі болып қоймағанын, сонымен қатар әдебиет, мәдениет салаларын да тереңінен игерген жан болғанын көреміз. Осыдан шығатын қорытынды табиғи зеректілік, кемерінен асып төгілген мол ақыл мен білім, зор еңбекқорлық, сирек кездесетін ұйымдастырушылық қабілет пен табандылық және іскерлік оның бойына туа біткен қасиет болатын. Сондай-ақ, оның жан дүниесі таза, өрісі биік, құлашы кең тұлға, адалдылық, ақындық, адамгершілік қасиеті оны әрдайым басқарлардан бөліп тұратын.

Сондықтан да болар ол туған жері мен халқының сенім артқан адал азаматы болып қана қоймай, өзі таңдап алған ғылым жолында да басқаларға үлгі-өнеге боларлықтай дәрежеде еңбек етті. Мұның өзі ұрпақтар жалғастығы деуге тұрарлық іс. Себебі, өткенді білмей болашаққа жол салу мүмкін емес.

Осылайша тарихи қысқа мерзім ішінде Т. Садықов аспиранттықтан академиктікке дейінгі жолды жүріп өтті.

Тохтар ағамыздың артында қалған мол мұра ұрпақтардың игілігіне қызмет ете беретін байлық. Ал осы мұраны бүгінгіден де тиімді пайдалану үшін және кейінгі ұрпақтың жадында ғалымның атын сақтау үшін нақты шараларды жүзеге асырылғаны нұр үстіне нұр. Айталық С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік Университетінің бір зертханасына

академиктің есімі берілді. Алматыдағы академиктің өзі ұзақ жылдар басқарған Қазақстан тарихы кафедрасына ғалымның есімі берілді. Үздік оқитын студенттерге академик Т. С. Садықов атындағы стипендиялар тағайындалған. Жыл сайын туған күні кезінде «Садықов оқулары» атты ғылыми-теориялық конференциялар өткізу дәстүрге айналды. Ендігі жерде мынадай істерді қолға алған ләзім:

1. Алматы мен Павлодар қалаларындағы бір кіші емес, үлкен көшеге академик Т. С. Садықовтың аты берілсе;

2. Ғалым тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылса нұр үстіне нұр болар еді.

Материал 02.07.15 редакцияға түсті.

### 3. III. Айткенов

#### Академик Токмұхамед Салменович Садықов историческая личность

Павлодарский государственный университет

имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 02.07.15.

### Z. Sh. Aytkenov

#### Academician Tokmukhamed Salmenuly Sadykov – an eminent historical figure

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 02.07.15.

*В данной статье рассказывается о жизни и деятельности академика Т. С. Садыкова. Также в нем освещается неоценимый вклад ученого, видного деятеля в науку и положение республики.*

*In this article it is told about the life and activity of academician T. S. Sadikov. Also here the invaluable contribution of scientific, visible figure is to science and position of the republic is highlighted.*



### С. Ш. Мұсатаев<sup>1</sup>, С. К. Молдабаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> с.ғ.д., саясаттану кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ;

<sup>2</sup> саясаттану магистрі, аға оқытушы, философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы,

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

### ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕГІ ЭТНОСАЯСАТТЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

*Мақалада авторлар этносаясаттың маңыздылығын алға тартады. Этносаясат тұжырымын жасауда әлемдік тәжірибеге көңіл аударған жөн. Халықтардың ынтымағы, теңдігі, достығы, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм, ұлттық мәдениетті дамыту сияқты мәселелер өз мәні мен мазмұнын жоғалтпайтын құндылықтар. Қай кезеңде болмасын халықтың басты қажеттілігі – ел ішінде тыныштық пен бейбітшілік, ұлтаралық келісімнің болуы.*

*Кілтті сөздер: ұлт, этносаясат, ұлтаралық келісім, көпұлтты мемлекет, ұлтаралық қатынас, патриотизм.*

Құрамында көп түрлі этноәлеуметтік топтар кездесетін әр бір мемлекет үшін этносаясаттың маңызы зор. Ал мұндай, яғни, құрамында байырғы ұлтпен қатар түрлі ұлттық топтар мен этникалық азшылықтар мекендемейтін, халқы бір тілде сөйлеп, бір ортақ дінге сыйынатын, бір текті рухани-мәдени құндылықтарға негізделген әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді ұстанатын, түрлі әлеуметтік қабаттар мен топтарға жіктелмейтін мемлекет әлемде жоқтың қасы.

Бұл құбылыс бүкіл әлемдік мәнге ие болғандықтан, олардың арасынан құрамында байырғы қазақ ұлтымен бірге кіріккен басқа ұлт өкілдері кездесетін Қазақстан Республикасын да көруімізге болады. Сондықтан да, қоғамымыздың демократизациялануы мен реформалануының ағымдағы және келешектегі міндеттерінің табысты шешілуі қазақстандық барша халықтың өз мүдделерін ортақ мақсатқа түйістіріп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына тікелей байланысты. Бұдан мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы тағы бір қырынан көрінсе, демократиялық принциптерге негізделген, адам құқығын, байырғы ұлтпен қатар этникалық топтардың және олардан құралған түрлі әлеуметтік қабаттардың мүдделерін есепке алатын мемлекеттік этносаясаттың ғылыми концепциясын қалыптастырып, дамыту мәселенің жауаптылығын арттыра түспек.

Мұндай концепцияның басты мақсаты – республиканың бастан өткеріп отырған әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңалануына азаматтық қоғам мен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету арқылы өзіндік үлес қосып, осы игілікті іске барша қазақстандық халықтарды жұмылдыру болмақ. Бұл тұрғыда ұлтаралық қатынастар мен қоғамды реттеудің Батыстық және Американдық үлгілері, Азиядағы дамыған және дамушы көп ұлтты мемлекеттердің тәжірибесі көп нәрсеге үйретері анық. Сондай-ақ ТМД елдерінің өткеніне сын көзбен, ал болашағына болжау жасай отырып, мүмкін және ықтимал кемшіліктер мен қауіптерден арылуымызға болады.

Әлемдік тәжірибенің бұл тұрғыда берері көп болғанымен, сыртқы үлгілерді көз жұмып көшіріп алу сайып келгенде мемлекеттік ішкі айшықтарымызбен үйлеспей, ауыр зардаптарға ұрындырары сөзсіз. Сондықтан да, сыртқы әлемдегі үлгілер мен берілетін ақыл-кеңестерге құрметпен қарай отырып, Президентіміз Н. Ә. Назарбаев: «...ұлттық-мемлекеттік ерекшеліктерімізді, саяси тарихымызды, мәдениетімізді, посткеңестік стереотиптерімізді, этникалық дәстүрлер мен көптеген басқа да, қысқаша айтсам, өркениеттік-мәдени айшықтарымызды ескере отырып, стратегиялық дамуымызды өз күшімізбен анықтауға тиіспіз», – деуі әбден түсінікті [1].

Сәйкесінше, этносаясаттың концепциясын жасаудағы әлемдік тәжірибеге сүйену де Қазақстандық хал-ахуалға сай еленіп-екшелгені абзал.

Адамзаттың демократизациялану мен ықпалдасудың даңғыл жолына түскен қазіргі сәтінде мемлекеттік этносаясат мәселесі де әмбебап мәнге ие болып отыр. Бұл бұрын да өзекті мәселе болатын, жоғарыда қарастырғанымыздай, оның өзіндік алғышарттары болды. Өткен тарихқа және бүгінгі әлемдегі тәжірибеге зер салсақ, ұлт және этникааралық қатынастарды үйлестіре отырып, бір мемлекет құрамында ынтымақтастырудың түрлі тұжырымдары (концепциялары) жасалған. Зерттеуші К. Е. Көшербаев әлемдік тәжірибедегі мұндай тұжырымдарды төмендегідей жіктейді:

Ұлттық-мәдени автономия;

Азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестігі;

Ұлттық-территориялық автономия;

Консоциалды демократия;

«Балқытатын» немесе «қайнаған қазан» тұжырымдары [2].

Бұл тұжырымдардың негізгі мән-мағыналары мынадай: ұлттық-мәдени автономия тұжырымы мемлекет халқының этномәдени ортақтығын құраушы этникалық азшылықтардың құқықтарын қорғау мақсатында туындады. Яғни, ұлттық-мәдени автономияның территориялықтан тыс сипаты (экстерриториальный характер) ұлттық бірліктердің тіршілік ету кеңістігі шекарасын айқындаудағы қайшылықтан туындайтын этникааралық жанжалдардан аулақ болуына септігін тигізеді. Тұжырымның бұл тұсы

құрамында этникалық топтар шашыраңқы (дисперсный) мекендейтін көпұлтты мемлекетке тән. Негізгі мәнісі – этникалық мәселені саяси сипатынан айыру, этникалық процесстерді басқарудың шектен тыс орталықтандырылған түрінен азаматтық қоғамға, өзін-өзі басқаруға өту.

Ұлттық-мәдени автономия мен азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестігі тұжырымдары ұқсас, олардың ең басты айырмашылығы - өзектерінде жатқан идеологияларының жекелеген өзгешеліктерінде. Ұлттық-мәдени автономия идеологиясының негізінде біріншіден, ұлттық азшылықтардың құқығын қорғау қажеттігін мойындау; екіншіден, мемлекет саясатының мақсатында тек азшылықтардың топтық құқықтарын қамтамасыз етіп қоймай, олардың тілі мен мәдениетін қолдауды, мемлекеттік басқару органдары мен жүйелеріне олардың қамтылуы, салық төлеуді қамтамасыз ету болса, азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестігінің идеологиясы біріншіден, этносаясатта мемлекеттің мәжбүр етушілігі мен салық салынуынан босату; екіншіден, этникалық ахуалды реттеуде топтық деңгейден индивидуалдық деңгейге өту. Бұл екі тұжырымның алғашқысындағы жекелеген принциптерді посттоталитарлы қоғамдарда басшылыққа алуға болады.

Кеңестік мемлекеттілік кезеңіндегі этно-территориялық автономия моделі өзіндік ерекшеліктерге ие болатын. Бастапқыда Кеңестер Одағы ұлтаралық қатынастарды үйлестіруде «Кеңестер билігі Ресейді қоныстанушы барлық ұлттарға өзінің мемлекеттік құрылысын өзі анықтауға толық құқық қамтамасыз етеді», – деген лениндік принципті ұстанды.

Кейбір зерттеушілер анықтағандай, «марксизмнің Ресейде тез таралуының сыры – ол өзін интернационалды қозғалыс дей тұра, іс жүзінде бағдарламасына этникалық ұлтшылдық доктринасын енгізуінде. Бұл доктринаның негізгі екі қағидасы көп этносты елде өзіне деген кереметтей тартылыс күшін туғызды. Біріншісі – өз территориясы, экономикалық байланыстардың ортақтығы, ортақ тіл мен айрықша әлеуметтік-психологиялық ділі (менталитеті) болуы сияқты міндетті түрдегі белгілердің жиынтығына ие этникалық топтарды мемлекет халқының (Кеңестік нацияның) негізі деп мойындау; екіншісі – ұлттың өмір сүруі мен дамуын «байырғы, негізгі ұлт өкілдері» ретінде «байырғы емес кіріккен» басқа ұлттармен қатар өз мемлекеттілігі аясында жүзеге асыруын мойындау» [3].

Өкінішке орай, жария етілген өз құқықтарын жүзеге асыруға ұмтылған түрлі ұлттардың элиталары большевиктер тарапынан қатты қарсылыққа ұшыраған болатын. Олардың қатарында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов,

М. Дулатов, М. Сералин, М. Тынышбаев сынды Алаштың да көптеген асыл азаматтары болды. Зерттеуші М. Қойгелдиев дұрыс көрсеткендей, Ә. Бөкейханов сол кездің өзіндегі Қазақстанның көп ұлтты өлке болғандығын автономия құруда мықтап ескеретін және байыппен есептесуге тура келетін фактор екендігін жақсы түсінді. 1917 жылғы 21-26 шілдеде

Орынбор қаласында өткен бүкілқазақтық съезде А. Байтұрсынов пен М. Дулатов «Автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынса, Ә. Бөкейханов «демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасының құрамындағы қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы» болуын ұсынып, соңғы ұсыныс көпшілік қолдауына ие болған еді. Большевиктер партиясы мен Кеңес үкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш көсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік саясатын таңдап алды. Сондықтан да олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырумен болды. Қазан төңкерісі қарсаңында большевиктер атынан «Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын» уағыздап келген Лениннің пролетариат диктатурасы орнаған соң бұрынғы айтқанынан бас тартып, оны «Еңбекшілердің өзін-өзі билеуі» ұранымен алмастырғаны, басқа сөзбен айтқанда ұлттық-мемлекеттік құрылыста таптық принципті бірінші кезекке қойғандығының көрінісі болды.

Осылайша Кеңес үкіметі қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық күресінің нәтежисінде дүниеге келген Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін іс жүзінде мойындамады, сол сияқты Орта Азияның жергілікті халықтарының заңды мемлекеті болған, 1917 жылы желтоқсанның 10-шы жұлдызында Қоқан қаласында өткен IV жалпымұсылмандық құрылтайда жарияланған Түркістан (Қоқан) автономиясын 1918 жылдың ақпанында қарулы күш жұмсап талқандады.

Одан кейінгі Кеңестік дәуірдің ұлт саясатын қысқаша былай бейнелеуге болады: Сталиннің ұлтқа берген анықтамасына сәйкес, барлық этностар «матрешка» тәріздес қатаң иерархиялық жүйемен жіктелді. Яғни, ірі ұлттар - Одақтас республикаларға, кішірек ұлттар – автономиялық республикаларға, ұсақ ұлттар – автономиялық округтер мен аймақтарға, ал ұлыстар мен жекелеген этникалық шағын топтар тіптен ескерусіз қалып, алдыңғыларға шашырай қосылды. Осылайша әлемде тұңғыш рет федерация ұлттық-территориялық принцип бойынша құралып, кейінірек бұл үлгі Қытайда, Чехословакия мен Югославия және т.б. елдерде қолданылды.

Федерацияның мұндай түрі күшті орталық билікке негізделген тоталитарлы және авторитарлы жүйелерде ғана өміршең екендігіне кешегі күйреген КСРО, ыдыраған Чехословакия мен Югославия дәлел. Мемлекеттің әлсіреуі ондай федерацияның құрамдас бөліктерінің жеке этнотерриторияларға жіктелуіне апарып соғады.

Сонымен қатар, Кеңестік жүйеге рухани тірек болған «кеңестік патриотизм», «социалистік өмір салты», «адамдардың жаңа қауымдастығы – кеңес халқы», «кеңес халқының мызғымас достығы», «КСРО – бейбітшілік тірегі» сияқты ұранды идеялар өзінің дәйексіздігін, ұлттық рухани даму мен өркениетке жаттығын көрсетті. Өйткені, олардың астарында ұлттар мен ұлыстардың дамуына тұсау болған, рухани дағдарысқа апарып соғушы

идеялар мен тұжырымдар тұнып тұрды. Бұлар негізінен «пролетарлық национализм», «социалистік интернационализм» идеялары, барлық ұлттар мен ұлыстардың жұмысшы табын біріктіру идеологиясының туына айналған «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» ұраны ұлттық табиғат пен ерекшеліктерді тіптен таптап, жаныштауға бағытталды.

Бірақ солай дей тұра, қазақ халқының 1917-ші жылдан бергі тарихын да жоққа шығаруға болмайды. Басқасын айтпағанның өзінде, өткен ғасырларда қайтадан үш тарапқа күштеп бөлініп, ұлттық, территориялық тұтастықтан айырылып қалған еліміз бен жеріміздің республика болып құрылуы, аумағы қалпына келтіріліп, шекарасының ресми түрде бекітілуі Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ жүзеге асқанын, мұның өзі қазіргі тәуелсіз мемлекетімізді заңдастыруда бірден-бір негіз болғанын ескермей кету әбестік болар еді.

Дау жоқ, бұрынғы Кеңес үкіметі мен Коммунистік партия ұстанған барлық идеялар мен тұжырымдарды лақтырып тастау мүмкін емес. Себебі: Кеңес үкіметі жағдайында полиэтникалық мемлекетке қатысты ұғымдар мен идеялар да күн тәртібіне қойылған. Мәселе олардың нақты өмірде ескерілмей қалуында. Олар мыналар: халықтардың ынтымағы, теңдігі, достығы, интернационалдық позиция, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм, ұлттық тілдер теңдігі, ұлттық мәдениетті дамыту сияқты мәселелер қандай тарихи кезеңде де мәні мен мазмұнын жоғалтпайтын құндылықтар. Тәуелсіз Қазақстанның ұлт саясатында мұндай қағидалардың мән-мағынасы демократиялық үлгіде жаңарып, күн тәртібіне қойылуда. Сөз бен істің бірлігі ғана ұлт саясатын пәрменді етіп, ол ұлттық тұрақтылық пен түсінушілікке жеткізіп, одан халықтар достығы туындары анық.

Ұлт саясатына қатысты келесі тұжырым XX ғасырдың 60-70 жылдары Батыстық саяси ғылымда белең алған «көп ұлтты мемлекеттегі демократияның болу мүмкіндігі» туралы пікірталаста басқалардан оқ бойы озып шыққан Аренд Лейпхарттың (A. Lijphart) консоциалды демократия теориясы болды. Оның пікірінше, әлеуметтік келісім (консоциальный) демократиясының принциптерін қолдану этникааралық жанжалдарды реттеудің тиімді тетігі ретінде қызмет атқара алады. Консоциалды демократия мажоритарлы демократияда билікке араласуы қиын топтарға жеңілдік жасаудың арнайы процедурасын ұсынады. А. Лейпхарт бойынша олар төртеу:

- қоғамның негізі сегменттерінің мүддесін көздеуші партиялар қатысатын коалициялық үкімет;
- шешуші орындарға тағайындарда және ресурстарды бөлуде түрлі топтардың өкілдері теңдей ескерілуі;
- әр топтың ішкі мәселелерін шешуде барынша өзіндігі (максимальная автономность) болуы;

- маңызды шешімдер қабылдауда өзара тыйым (вето) құқығы мен кәсіптік көпшілік болуы [4].

Ол осы көрсетілген модельдер бір-бірінен анық, шегі ашылып бөлінген жағдайда, және оның әрқайсының саяси ұйымы болса ғана, іске жарамды деп есептейді. Алайда, консоциалды демократия теке-тіреске түсуші топтардың бәріне ортақ мықты бір құндылықтары болмаса, қарама-қайшылықтың тереңдеп, мемлекеттің талқандалуына әкелмек.

Сондай-ақ, әлемдік тәжірибеден ұлтаралық мәселелерді шешудің АҚШ-тық үлгісіндегі «балқытытын» немесе «қайнаған қазан» тұжырымы менмұндалап ерекше көзге түседі. Саяси өмірде «қайнаған қазан» ұғымы XIX ғасырдың орта шенінен бастап қолданыла бастады.

«Қайнаған қазан» тұжырымының мәні – эмигранттарды американдық өмір салтына сай бейімдеп, ассимиляциялау болды. Оның идеологиялық негізі – ұлтты азаматтық деп түсіну, немесе, ұлттар – отандастар (француздық моделге сай). Сәйкесінше, АҚШ-та этникалық топтарға арнайы территориялар бөлу мәселесі ешқашан көтерілген емес. Бірақ бұл тұжырымды сол күйінде Қазақстан қоғамына ендіруге жарамайды. АҚШ-қа қарағанда, Қазақстанның ұлттық құрамы тіптен өзгеше қалыптасқан. Оған алдыңғы тарауда тоқталып өттік. Сол үшін бізге басқа ұлттарды ассимиляциялау, қазақы өмір үрдісіне бейімдеу мақсат емес. Бірақ бұл тұжырымнан азаматтық қоғам принципін басшылыққа алуға әбден болады. Яғни, этностардың өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, қазақстандық азаматтық қоғам құру.

Осылайша, ұлтаралық мәселелерді шешудің тұжырымдарына талдау жасай келе, олардың барлығының да жақсы жақтары мен кемшілікті тұстарының бар екенін байқаймыз. Соған сәйкес, стратегиялық шынайы, дұрыс этносаясат – ол ұлттық мәселені саяси мәнге айналдырмай, барлық этностардың ұлттық-мәдени өзіндігін сақтай отырып, ұлттарды отандастар деп түсіну болып табылады. Бұл тұрғыда жоғарыда көрсетілген тұжырымдардың жекелеген принциптерін қазақстандық өмір шынайылығына сай бейімдеп қолданғанымыз абзал. Сондықтан да, өтпелі кезең жағдайында Қазақстан Республикасы ұлттық-ерекше мәселелерді шешуде басқа ұлттардың мүдделеріне қайшылық жасамайтын, елді мекендеуші барша халықтың мүдделерін ескеруші диалектикалық-прагматикалық бағытты таңдап отыр. Яғни, ұлттық азшылықтардың жалпыұлттық шешімдер қабылдаудағы рөлі мен олардың мүдделерінің мемлекеттік деңгейде өкілетті болуына мән беріле бастады. Бұл ерекшелікті көпұлтты мемлекеттегі қоғамның бірлігі мен тұрақтылығын нығайтудағы бастапқы принцип деп айтуымызға болады.

Қорыта айтқанда, демократизацияланудың ауыр да өтпелі кезеңінде халықтың басты қажеттілігі – ел ішінде тыныштық пен бейбітшілік, ұлтаралық келісім болуы. Бұған «бірліктегі көптүрлілік» принципіне негізделген этносаясат арқылы жетуге болады. Сондықтан мемлекеттік этносаясат –

полиэтникалық елде ешқашанда маңызын жоғалтпайтын құндылық. Ал қазақстандықтар үшін, қазақ этносы үшін бұл саясаттың маңызы тіптен жоғары. Себебі еліміздің геосаяси жағдайы мен этнодемографиялық ахуалы ұлтшылдық және сепаратистік жанжалдарды көтере алмайды.

Егеменді ел болып қалыптасып жатқан Қазақстанды мекендеген түрлі диаспоралардың сан-алуан мүдделерін ескермей, оларды мемлекеттің этносаясаты төңірегіне топтастыру да мүмкін емес. Ұлттар мәдениетінің, өнерінің, тілінің, салт-дәстүрлерінің дамуын, ұлттық ұйымдар мен қозғалыстар сияқты ұлттық өмірдің дамуын айқындайтын маңызды процесстер заң жүзінде белгіленгенде ғана жалпыұлттық идея қалыптаспақ. Ұлттық өмірдің маңызды аспектілері заңды құжаттарда нақты көрініс тапса, азаматтардың ұлтаралық қатынас мәдениеті мен жалпыұлттың бірігуі де соғырлым жоғары болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Назарбаев, Н. Ә.** Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы // Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы, 1996. – 103-133 б.

2 **Кушербаев, К. Е.** Этнополитика Казахстана: состояние и перспективы. – Алматы, 1996. – 584 с.

3 **Тишков, В. А.** Национальности и национализм в постсоветском пространстве (Исторический аспект) // Этничность и власть в полиэтничных государствах. – М. : Наука, 1994. – С. 15.

4 **Лейпхарт, А.** Демократия в многосоставных обществах. Сравнительное исследование / Пер. с англ. под. ред. А. М. Салмина, Г. В. Каменской. – М. : Аспект-Пресс, 1997. – 287 с.

Материал 02.07.15 редакцияға түсті.

*S. Sh. Musatayev, S. K. Moldabayeva*

#### **Концепция этнополитики в мировой практике**

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы,

<sup>2</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,  
г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 02.07.15.

*S. Sh. Musatayev, S. K. Moldabayeva*

#### **The concept of ethnic policy in the world**

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

<sup>2</sup>S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 02.07.15.

*В статье авторы рассматривают значимость этнополитики. При формировании концепции этнополитики авторы обращают внимание на развитие мировой практики. Народное единение, равенство, дружба, любовь к Родине, патриотизм, развитие национальной культуры и другие проблемы являются главными ценностями. Главная народная необходимость – сохранение стабильности общества и межнационального согласия.*

*In this article the authors examine the importance of ethnic policy. In forming the concept of ethnic policy the attention must be paid to international practice. The national unity, equality, friendship, love of country, patriotism, development of the national culture and other issues are paramount. The main necessity for all people is preservation of social stability and inter-ethnic harmony.*

ӘОЖ 94

#### **Ә. Ә. САБДАНБЕКОВА**

аға оқытушы, С. Торайгыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

#### **ТАРИХТЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН РӨЛІ**

*Бұл мақалада тарих ғылымының мемлекеттің идеологиялық қызметіндегі ролі және қазақ халқының ұлттық мемлекеттік құру идеясының тарихына жалтылама сипаттама беріледі.*

*Кілтті сөзі: тарих, идеология, ұлттық идеология, ұлттық идея, «Алаш» түсінігі, «Алаш» партиясы, Абылай хан, Абылай хан.*

Міне, бүгінде Қазақстан тәуелсіздік туын желбіреткелі 24 жыл толып, отаршылдық дәуірі артта қалып, біз ХХІ ғасырға тәуелсіз елдердің қатарында аяқ бастық. Соған сәйкес төл тарихымыздың да өзіндік ақтандақ беттері ашылды. Бүгінгі күнгі тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымының басты міндеттерінің бірі халықтың тарихи санасын объективті тұрғыда қалыптастыру. Саяси сананы қалыптастыруда тарихтың алатын орны ерекше. Себебі, тарих ұрпақты болашаққа бастайтын идеология. Тарих ғылымы мемлекеттің идеологиялық жұмысының басты тіректерінің бірі болып табылады.

Тарих - ұлы ұстаз. Сіз бүгін сол ұлы ұстаздың дәріс алу мүмкіндігіне ие болып, алды-артымызды бірдей барлап, шолып отырсыз [1, 16-17 б.].

Тарих өткен өмірді сөз еткенмен бүгінге және болашаққа қызмет етеді. Кез келген тарих өзегінде белгілі бір ұлттың, тайпаның, рудың, тіптен жеке адамның өмір тәжірбиесі, мақсат-мұраты, моральдық-этикалық нормалары жатады.

Түптеп келгенде, тарих дегеніміз өзі өмір танудың, қоғам танудың, адам танудың ұлы мектебі [2, 93 б.].

Саяси идеология түсінігінің қалыптасуы мен дамуы эволюциясына зер салсақ, идеология ұғымы гректің *idea* – түсінік, ұғым, бейне және логос – ілім, ғылым деген сөздердің бірігуінен қалыптасқан. Философиялық сөздікте идеология – қоғамдық идеялардың теориялардың, көзқарастардың жиынтығы ретінде анықталады. Бұл терминді ғылыми лексикаға алғаш енгізген ХҮІІІ ғасырдағы француз ғалымы А. Терси болатын» [3, 130-131 б.].

Ғылымда саясаттанушылар идеологияны белгілі құндылық жүйесі тұрғысында сипаттама береді. Біз мұндай сипаттамаға толық қосыла аламыз. Себебі, әр ұлт, мемлекет өзінің мемлекеттігі үшін басты құндылықты анықтап алмайынша болашағын бағдарлай алмасы нақ. Идеологияны құндылық жүйесінде сипаттайтын көзқарасты жақтаушы саясаттанушылар қатарына Д. Истон, М. Дюверже, В. Конноли, Л. Саджент, Ф. Уоткинс т. б. жатқызамыз.

ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап, «идеологияның ақыры» деген концепция билік құрса, ал кейінгі мыңжылдықтың соңында дүниежүзілік әлеуметтік-саяси тәжірибе халық, ұлт толық қанды өмір сүруі үшін белгілі бір құндылықтың, идеалардың, көзқарас, наным-сенімдердің қажет, тіпті мұқтаж екенін көрсеткен.

Саяси идеологияның әлеуметтік, саяси өмірде қажеттілігі тәжірибе көрсетіп отырғандай күннен күнге айқындалуда. Қоғам өзінің идеологиялық жүйесін айқындап алмайынша өмір сүре алмаса керек, себебі қоғам дамып, алға озған сайын әр түрлі идеологиялық ағымдар пайда болып, өмір сүреді.

Қоғамда қарсы тұрушы идеологиямен күресте де қоғамдық ғылымдардың оның ішінде тарих ғылымының атқаратын қызметі зор болатыны хақ. Мысал ретінде алсақ, сонау қанды Ұлы Отан соғысы жылдары қоғамтану ғылымдары фашистік идеологияны женуде үлкен зор үлес қосқандығын мына деректердерден көз жеткіземіз. «Борьба партии против фашистской идеологии предполагала широкое использование достижений общественных наук. В трудах экономистов, историков, филологов, изданных в годы войны, большое место занимало разоблачение фашистских фальсификаций истории народов Европы» [4, 111 б.].

Сонымен қатар «партия обращало внимание и на то чтобы в научных трудах по обществоведению смелее критиковались идейные концепции фашизма в области истории Германии, раскрывались их социальные истоки. Это было важно в условиях войны» деп ашық жазылады [4, 113 б.].

Тәжірибе көрсеткендей, қандай қиын-қыстау заман болса да, адамның санасында қалыптасқан болашаққа деген сенім, мақсаттың алатын орны зор.

Бүгінгі Қазақстан өз алдына жеке мемлекет болып, дүние танып жатқандағы Қазақстанда өзіндік ұстанған, онда мекендеген ұлттың, халықтың ұстанған, бәрінің басын біріктіруші бір идеяның болуы заман талабы десек те болады.

Осы мақсатта болып өткен Мемлекеттік идеологияның қызметі жайындағы арнайы мәжілісте Республика Президенті Н. Ә. Назарбаев мазмұнды баяндама жасап, көп мәліметтердің бетін ашып берді. Ол өзінің Қазақстан 2030: «Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты жолдауында «Біздің еліміз мен айқын перспективаларға қол жеткізу үшін мынадай ұзақ мерзімді жеті басымдылықты іске асыру қажет деп нақтылап берді. Бұлар:

Ұлттық қауіпсіздік.

Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы.

Шетелдік инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсуі.

Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты.

Энергетика ресурстары.

Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс.

7) Кәсіби мемлекет [5, 28-29 б.].

Бүгін өзіміз көріп отырғандай, осы белгіленген ұзақ мерзімді жеті басымдылықты алға ала отырып Қазақстан бүгінде экономикалық дамуы жағынан ТМД мемлекеттерінің ішінде көш алдында. Саяси тұрақтылығы да көз қуантарлықтай.

Жүзден аса этнос өкілдерінің басын біріктіріп отырған Қазақстанның ендігі алдағы ұлы мақсаты, ұлтымыздың ұлылығын асқақтатып, қазақ деген ұлтты әлемге таныту.

Қ. Салғараұлы айтқандай: «Қазақ халқы да (тіпті кез-келген халықта солай) оның тарихын танып, елдің салтын, еркін қасиетін білмесең, ол да Аяз бидің кебін киеді. Сырт жұрт оны халықтың қоры деп есептейді, менсінбей қарайды. Арада түсіністік, ұғысу болмайды. Адамдардың тарихпен тәрбиелеудің бүгінгі таңдағы мәні де осында. Кез келген халықтың тарихын неғұрлым жете білген сайын соғұрлым оның халықтық қасиетін танып, ұлылығына, даналығына тәнті боласын оған деген құрметін артады» [1, 19 б.].

Бүгін біздер өз тарихымызды, өз әдебиетімізді еркін оқып-білу мүмкіндігіне жетіп отырмыз. Өз тарихын, әдебиетін білмейтін ұрпақтан өз ұлтын мақтан тұтатын, тіпті тарихын білмеген кісі де өзінің кісілігін, қадірін түсіне алмайды. Ондай адамдар ешкім сыйламайды.

Сондықтан мемлекет үшін, әрбір адамның жеке басы үшін оның мәңгірт болмауы үшін тарих, әдебиет ауадай қажет [6, 3-8 б.].

Алайда, кейбіреулер үшін патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, халықтың тарихын, мәдениетін, дәстүрін қастерілеу уақытпен есеюмен өздігінен келетін екінші кезектегі деп уағыздайды. [6, 3-8 б.]. Мысалы: шетелдік Сорос қоры оқу саясат пен идеологиядан аулақ болуы тиім деп есептейді.

Біз қазақ халқы басқа ұлт өкілдері алдында «мен қазақпын» деген сөзді дауысымызды көтеріп айта алмадық, нәліктен, себебі оқығанымыз орыстың тарихы, дүниеге орыстың көзқарасымен қарадық. Кеңестер дәуірінде ұлттың тарихымызға қатысты мәселелер ұлы державалық шовинистік идеологияның қатаң бақылауында болды. Тарихи процесстерге жалпылама саяси баға беріліп отырды. Аз санды халықтардан шыққан ұлт мүддесін көксеген талантты тұлғалар саяси қудалауға ұшырады. Ой еркіндігі идеологиялық қысым шеңберінде тұмшаланып отырды. Төл тарихымыз ұлттық намысқа тиетін деңгейде көрінеу бұрмаланып жазылды [7, 14 б.].

Кеңес үкіметі үстемдік құрған заманда коммунистік идеология қоғамда адамдардың санасына күйылды. «Бұл идеологияның негізін марксизм-ленинизм құраған еді» және «әлемдегі бірден-бір онды идеология деп білдік» [6, 3-8 б.]. Мектеп жасындағы балалардан бастап, қаусаған шалға дейін осы идеологиямен суарылды. Өз ұлттық санамыздан, елдігімізден, тілімізден айырылып қала жаздадық. Тіпті «қазақпын» деп айтуға ұялатын заман туды.

Шың мәнінде ұлттық идеяны не екенін түсініп болмай, әлемдік яки азаматтық идеяны танып білу әсте мүмкін нәрсе емес. Батыс өркениетінің түп қазығы болған Ежелгі Греция мен Ежелгі АҚШ пен Жапония – ұлттық идея арқылы абырой алған мемлекеттер [8, 15 б.]. Идеясыз мемлекет өмірде болмаған болмақта емес [9, 3 б.].

Ал, тіл, дін, діл мәселелері ұлттық идеологияның түпқазығы. Саясаттың мақсаты қашанда ұлттық мүдде ауқымында айқындалуы тиіс. Қазақстанда бір ғана ұлт бар – қазақ ұлты. Сондықтан ол көп ұлтты емес, полиэтникалық мемлекет іспетті тұжырымдамалардың да өмір сүруі құқы бар [10, 7 б.].

Тіл дегеніміз бұл сөз бен сана. Ал дініміз салтымыз, дәстүріміз болып табылса, діл-сенім мен имандылық. Ұлттық идея – қазақтың өзін-өзге жұртпен салыстыра отырып тани білуі. Ұлттық идеяны орнықтырудағы ең басты екі кедергіні атап көрсетуге болады: – тарихи болмыс пен бүгінгі болмыс арасындағы қарама-қайшылық; – бүгінгі болмыстың өз ішіндегі дүниетанымдық жіктеліс [11, 17 б.].

Қаншама, күштеп, қымтап ұстап, зәре-зап қылып, үркіткенмен, өз ұлтын асқақтатып қайта түлететін қазақтың бетке ұстар ұрпақтары әлі де жойылған жоқ және жойылмаушы да еді деп айта аламыз.

Оған дәлел, Ресейде қос үкімет құрылып, халық қай үкіметті тандарын білмей дал болған заманда, қазақтың бетке ұстар азаматтары, көрегендері сол заманда да өзіндік ұлттық мемлекет құрып, қазақ халқын әлемдік

өркениетті елдердің қатарында көруді аңсап, өздерінің «Алаш» партиясын құрғаны белгілі.

Ал, қазақ халқының мемлекеттік құру идеясының бастау мәселесіне келсек «формирование культа Алаша происходило в Великих степях Евразии в эпоху энеолита, около 4500-3000 лет. до. н. э». ...Племена «алаша» – стопроцентные коневоды они обитают в стране Арка – қазылық. Мощная идеология государственности, зародившиеся еще в II-II тыс. до. н. э. продолжала жить и во времена гуннов, торков, огузов, карлуков, кипчаков. На нее наслаивались кое-какие элементы, новые имена, но суть оставалось прежней. Зарождалась и генерировалась эта идея на степных просторах Арка [12, 317 б.].

Қазақстан ұлттық энциклопедиясында Алаш (ежелгі түрік сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Ортағасырлық және ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы. Алаш атауы тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады [13, 246 б.] делінген.

Ал, осы ата-тегі аты аңызға айналған Алаша ханнан өрлейтін Уыз хан дәуірінде (шамамен ел билеген уақыты б.з. б I мың жылдық – б.з. I мың жылдығының басы) Әбілғазы Бахадүр ханның «Түрік шежіресінде» Рашид ад-диннің «Жамиғат-тауарихы» атты шежіре еңбектеріндегі Уыз хан бейнесінен, іс-қимылынан Еуразия көшпелілерінің құрылық менгеру, билеу қабілеті танылады, ол тарихтан көшпелілердің алғашқы империялық ұмтылыстарын байқаймыз. Ұлы билеуші алтыннан үй салдырды, Аспан шаңырақтарының әдемілігіне тән бұл үй – дейді шежіре Уыздың орнатқан кигіз үйі туралы. Еуразия көшпелілерінің дүбірге толы өрлеу кезеңі Уыз ханнан басталады. Ұлытау даласы осы кезеңнен бастап адамзат ойкуменасының ( адамдар тіршілік ететін, игерілген жерлер) эпицентріне айналды. Уыз ханның күмбезделген он екі қанат ордасы көкке көтеріліп әлемнің үстінде ғарыштап тұрды [14, 31 б.].

XV ғ 40-60 жылдарында Керей мен Жәнібек бастаған алаш мыңы одағына кірген тайпалар Әбілқайыр мемлекетінен бөлініп, Моғолстанға көшіп, осы қазақ рулары Бетпақдалаға жақын жердегі үлкен жартасқа, Таңбалы жарға әр ру өздерінің таңбаларын қашып жазып, жеке ел боламыз деген шешімге келеді. Бүгінде осы Таңбалы жар (Таңбалы тас) Қазақстан тарихындағы аса бір маңызды жұмбаққа толы орын болып табылады. Бұл ескерткішпен қазақ халқы өз мемлекеттілігінің бастауын байланыстырады. Бұл жайында Ә. Х. Марғұлан былай деп жазады: « это историческое место прославлено в преданиях и в поэзии, и оно называется «қазақтың ұран шақырып, қазақ болған жері» - место провозглашения этнонима «казах» [15, 31-38 б.].

Осы деректерге қарап, ой қорытындылай отырып қазақтарда жеке ел болу, ұлт болып мемлекет құру идеясының сонау көне ғасырлар қойнауына барып тірелетінін көреміз.

Қазақ ел болудың жолын көп іздеген дана халық. Топты жарған шешен, көпті бастаған көсем, қамал бұзар батыр, қайрат, қасиет жинаған халық болуын аңсаған ел [16, 59 б.]. Қазақ халқының халық болып, мемлекет құру жолындағы қазақтың бір туар ұлдарының қосқан үлестері ұшан теңіз.

Белгілі қазақ биі көмекей Бұқар жыраудың рулар және тайпалар арасындағы дау-дамайларды тоқтатып, ұлттық бірлікке, мемлекеттік дәрежедегі бірлікке сіңірген еңбегі ұланғайыр. «Әй, айтамын, айтамын», «Хан Абылай қасында», «Тілек» сияқты толғаулары үш ғасыр өткеннен кейін де сай сүйегінді сырқыратады. «Еліңнің қамын жегейсің», «Тоғызыншы тілек тіленіз, төрен тақтан таймасқа» деген толғауларда ханның қарашаға әділдігін халыққа деген қайырымдылығын талап етеді. Хан мен қараша проблемасын жырау тәуелсіздік, біртұтастық қажеттігіне байланыстырып қарайды [16, 53 б.].

Абылайдың бытыраңқы елді біріктіруді арман еткен мақсаты оның даналығын, көрегендігін көрсетеді. Абылай хан қалмақтарға тұтқынға түсіп, өзінің өлімін күтіп жатып қалмақ қонтайшысы соңғы сөзін не дегенде «Қағанға үш арманым бар деген екен. Бірінші мен айдалада жосып жүрген қазақ деген халыққа хан болып едім, бір жерге қала салып, отырықшы ете алмай жосыған күйінде қалдырдым»-ау деп арман қыламын-деген екен [17, 308 б.]. Бұдан Абылайдың ел қамын ойлаған ер екендігін көреміз. Осы Абылайдай халық қамын ойлаған қаһарманның ұрпағы, жолын қуған, елі үшін еңіреген дара тұлғаның бірі Кеңесары.

Кеңесары «қазақтың ежелгі тәуелсіздігін қалпына келтіреміз, яғни тәуелсіз Қазақ мемлекетін құрамыз деген ұранмен күрес жүргізді» [18, 186 б.].

Кеңесары Герн арқылы үкіметтен өзінің «ата-бабасынан қалған жері Ұлытауды қайтарып беруді талап етті. Өзінің хатында ол былай деп жазды: «Әкеміз Абылайдан мұраға қалған жерімізге қаптата бекініс салынды» [18, 284 б.] деп қазақтың атадан балаға мұра болып келе жатқан жерінің кім көрінгеннің қолында кетіп бара жатқанын ызалана айтады.

Бізге белгілі Хан Кене қазақтың соңғы хандарының бірі. Кеңесарыдан кейін патша өкіметі қазақта хан сайлау дәстүрін жойып, қазақ даласына патша өкіметінің сойылын соғушы отаршылық басқару жүйесін енгізді. Қазақтың дәстүрлі хандық басқару жүйесін жойды.

Алайда, XX ғасырдың басында, яғни 1917 жылы Ресейде патша өкіметінің құлауымен бірге қазақ даласында Қазақстанның өз алдына жеке ел, мемлекет болып құру жолын мақсат еткен «Алаш» партиясы қайта жанданды. Бұл «Алаш» партиясы мен «Алаш» қозғалысының негізін салушысы, жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Әлихан Нұрмұхамметұлы Бөкейханов болды.

Әлихан Бөкейханов болашақ партияның атауына үлкен көңіл бөлді., ол атау барлық қазақ ұлты, оның соғыс ұраны тұтастыратын атау болуы тиіс деп есептеді. Ол жайында Әлихан Бөкейхан былай дейді: «Кровная связь между тюркскими племенами, вошедшими в состав так называемой Большой, Средней, Малой орды, крепко держится с давних пор. На вопрос «первого хана казахов «кто мы, каждый киргиз отвечает: «Үш жүздің баласымыз», то есть «мы дети трех орд»- каждый киргизский род имеет свой боевой клич – по имени самого популярного в нем лица, жившего когда-либо. У казахов таким кличем стало имя мифического лица Алаша» [19, 84 б.].

Бұл жайында тағы бір дерек келтірсек: «В начале XX в., в самом разгаре национально освободительного движения казахов снова возрождается культ Алаша-хана, «первого хана казахов». Национальная идея казахов ведет молодую интеллигенцию к беспримерным подвигам самоотверженному труду и высокому творчеству во имя величия нации. Благодаря ему казахи восстановили национальную государственность, боролись и защищали его умирали за него как «враги народа» в годы тоталитарного советского режима но отстояли свое. В этом важность этого грандиозного стержневого понятия для Казахской истории и вообще для истории Великой степи [12, 317-318 б.].

Алайда, кеңес үкіметі өз дегеніне жетіп, өсіп келе жатқан қазақ ұлттық зиялыларының бұл бастауларына қарсы шығып, оның қайраткерлерінің тағдыры қуғын көріп, қайғылы аяқталды. Бой көтеріп, барып күшпен басып тасталған ұлттық мемлекет идеясы одан кейін 70 жыл бойы Кеңес үкіметінің ашса алақанында, жұмса жұдырығында болып, іштей еріксіз тұмшаланды. Алайда ұлтын сүйген ұлдар, өлген емес еді және өлмес те еді.

Халқымыздың екі ғасыр бойы езіп келген империяның қуатты құрсауын бұзып, отарлаушылардың тас шеңгел құлдығынан құтылуды көксеген жастардың көз жасы, қаны бекерге төгілмеді.

Кешегі қазақ халқы ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік туының көтерілуіне әйгілі қанды желтоқсан оқиғасы мен тәуелсіздігіміздің жас қарлығаштары, он екі де гүлі ашылмай кеткен Асанқызы Ләззат, Сыпатайұлы Ербол, Мұхамеджанқызы Сәбираның, Ноғайбайұлы Қайраттың аңсаған армандары мен үміт-тілектері бұл күнде толық жүзеге асты! Көк жүзімен астасқан қасиетті көк Туымыз астанамыздағы Ұлы оқиға өткен дүбірлі алаң үстінде асқақ желбіреп тұр! [20, 76 б.].

«Мен қазақтың мың өліп, мың тірілген...»

Құшақ жая таныстым сан тілменен.

Жаман үйді қонағы билейді деп,

Қала жаздап айырылып өз тілімнен,

Өзге тілге еліктеп ел болмайық,

Қазағымың артық жоқ өз тілінен [20, 95 б.].

деп жас Қайрат жырлап кеткен тіл мәселесі мен төл тарихы бүгінгі ел болам деген ұлттың басты өзекті мәселесі болуы тиіс. Себебі тілдің өлгені ұлттың өлгені демекші, батыс ойшылдарының «ұлт өзін өзі өлтірмесе, оны ешкім де жойып жібере алмайды» деп тегін айтпаса керек [21, 8 б.].

ХҮІІ ғасырдағы нидерланд философы Б. Спиноза «Адамдар адамзат болып тумайды, өсе келе тәрбиеленеді» [22, 407 б.] деп айтқандай өсіп келе жатқан жас ұрпақты Отанды, өз ұлтын, өз ана тілін, тарихын құрметтеп, басқа ұлттың алдында мен қазақтың деп мақтанышпен айта алатындай Отанымыздың адал азаматы етіп тәрбиелеп шығару ұлтымыздың болашағы үшін, алдыңғы толқын ағалардың Отан алдындағы парызы деп сезінуіміз керекпіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Салғараұлы Қойшығара.** Қазақтың қилы тарихы: Роман-эссе. – Алматы: Жалын.
- 2 **Тарақты Ақселеу.** Көшпенділер тарихы. – Алматы : Атамұра-Қазақстан. 1995 ж
- 3 **Кенжебаев, С. Ж.** және т.б. Саясаттану негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 1997.
- 4 **Кродакова, Н. И.** Идеологическая Победа над фашизмом (1941-1945 г.г) – Москва : Полииздат, 1982.
- 5 **Назарбаев, Н. Ә.** «Тәуелсіздік белестері» – Алматы : Атамұра. 2003.
- 6 **Қалмырзаев, Ә.** Тәуелсіз Мемлекетке төл идеология керек пе? // Ақиқат. 1993. – № 8.
- 7 **Мұхтар Қазыбек.** Тарихымыз тереңде. // Жалын. – 2004. – № 6.
- 8 **Әбен Ерлан.** Ұлттық идея: мұң мен мұқтаждық. (тезистер). // Саясат. 1999 – № 9.
- 9 **Сапарғалиев, Ғ.** «Қазақстанның бірыңғай мемлекет ретіндегі идеологиясының мәселелері». // Ақиқат. – 1999. – № 9.
- 10 **Арын Ерлан.** «Ұлттық ұйытқы». Ол қандай? // Саясат. – 1999. – № 9.
- 11 **Есенбай, Д.** «Қазақ иісі» немесе ұлттық мемлекетілік хақында // Саясат. 1999. – № 9.
- 12 **Артықбаев, Ж. О.** Кочевники Евразии в калейдоскопе веков итысячелетий. – Санкт-Петербург,: – «Мажор», 2005.
- 13 **ҚҰЭ.** I том. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. – Алматы, 1998.
- 14 **Артықбаев, Ж. О.** Уыз хан. // Азия транзит, 2003. – № 1. (34).
- 15 **Маргулан, А. Х.** Означении эпиграфических памятников Казахстана. // Мир казаха, 1997.

16 **Манаш Қозыбаев.** «Жауды шаптым ту байлап». – Алматы «Қазақстан», 1994.

Материал 02.07.15 редакцияға түсті.

*A. A. Sabdanbekova*

#### **Роль и задачи истории**

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,  
г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 02.07.15.

*A. A. Sabdanbekowa*

#### **The role and tasks of history**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 02.07.15.

*В этой статье затронуты вопросы о роли истории в государственной идеологии и дана общая характеристика истории национальной идей государственности казахов.*

*The questions of the role of History in State ideology are touched on and also the general characteristics of the history of national idea of Kazakhs are given in this article.*

УДК 314

#### **Г. Т. Шамшудинова**

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,  
г. Павлодар

#### **ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ПАВЛОДАРСКОГО РЕГИОНА ЗА ПЕРЕПИСНОЙ ПЕРИОД С 1989 ПО 1999 гг.**

*В статье дается анализ влияния социально – экономического развития на демографическую ситуацию Республике Казахстан, и в Павлодарской области за переписной период с 1989 по 1999 годы.*

*Ключевые слова: демография, развитие, население, возрастная структура, состав, миграция, процесс, перепись, страна.*

Президент страны Назарбаев Н. А. выступая на XVI съезде партии «Нур Отан» 11.03.15 отметил: «Мы добились значительных успехов в



развитии собственной модели стабильности и согласия. Конституция Казахстана гарантирует равенство прав всех граждан независимо от расовой, этнической, религиозной и социальной принадлежности. Вместе с тем необходимо дальнейшее укрепление казахстанской идентичности. Она должна основываться на принципе гражданства. Все граждане должны пользоваться одним объемом прав, нести один груз ответственности и иметь доступ к равным возможностям.

Сделав анализ переписей населения за 1989 и 1999 годы, и сравнив с современным состоянием демографических процессов, можно отметить положительные сдвиги, связанные с социально-экономическими изменениями, происходящими в стране.

Для оценки состава населения большое значение имеют показатели демографической нагрузки, дающие обобщенную количественную характеристику возрастной структуры населения и показывающие нагрузку на общество непродуцирующим населением. Расчет показателей демографической нагрузки населения Республики Казахстан за 1989-1999 годы показал следующую тенденцию. Общая демографическая нагрузка и нагрузка детьми на трудоспособное население за исследуемый период значительно сократилась. В свою очередь несколько выросла демографическая нагрузка лицами старшего трудоспособного возраста. Данное соотношение показателей демографической нагрузки свидетельствовало о неблагоприятной демографической ситуации в стране, что негативно сказывалось на перспективах развития трудового потенциала.

В целом, в Павлодарской области сложился суженный тип естественного воспроизводства населения. В 1989 г. суммарный коэффициент рождаемости в Павлодарской области находился на уровне, который давал простое замещение поколений (2,523) и воспроизводил население на 109 %, нетто-коэффициент воспроизводства населения по классу составил – 1,1 и формировал расширенный тип. В 1999 г. и в области и суммарный коэффициент рождаемости составил 1,4. Данный уровень рождаемости воспроизводил население всего на 65 %. Нетто-коэффициент упал до уровня 0,6 и привел к складыванию суженного типа воспроизводства населения [1]. Значительно ухудшилась возрастная структура населения за 20 лет, наблюдается «старая» возрастная структура населения. В 1989 г. в Павлодарской области удельный вес группы населения старше 65 лет составлял – 5,0 %; то в 1999 г. он уже составлял 6,8 %. практически достиг порогового уровня стационарного типа с тенденцией к регрессивному воспроизводству и его население можно охарактеризовать, как находящееся на пороге старения. Если эти данные рассмотреть отдельно для сельского населения – 6,6 %, при этом мужчины – 4,8, а у женщин – 8,5 [2].

Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қ.  
Материал 02.07.15 редакцияға түсті.

A. B. Yessilov

### Employment of migrants as a factor of successful adaptation

Academy of Public Administration under The President  
of the Republic of Kazakhstan, Astana  
Material received on 02.07.15.

*Осы мақалада автор көшіп-қонушылардың жұмыспен қамтылу жағдайларына талдау беріп, осы үлкен бөлігіне оралмандар жатады. Көрсетілген мәселелер көшіп-қонушыларды жұмысқа орналастыру, маңызды бөлігі ретінде олардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуі. Мемлекеттік көші-қон саясатындағы оралмандардың бейімделу үдерісін қамтамасыздандыру бөлігі талданды.*

*In this article the author gives an analysis of the employment situation of migrants, which mostly include repatriates. Shows the issues of employment of migrants, as an essential part of their socio-economic adaptation. Analyzed the state migration policy in the part of the adaptation process of repatriates.*

ӨЖ 330. 59

**М. Жанат<sup>1</sup>, С. М. Хасенова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> PhD, <sup>2</sup>аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

### ӨНІРЛЕРДЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТАЛДАУЫ

*Мақалада аймақтардағы денсаулық сақтау деңгейін анықтау және салыстыру бойынша зерттеу жұмыстары келтірілген. Зерттеу жұмысының мақсаты – авторлық халықтың тұрмыс деңгейін анықтау әдіснамасын зерттеудің елішілік ауқымында апробациялау және елдің аймақтарының тұрмысы деңгейлерін анықтау және салыстыру.*

*Кілтті сөздер: тұрмыс деңгейі, халықтың дәрігерлермен қамтылуы деңгейі, халықтың орта медициналық қызметкерлермен*

*қамтылуы деңгейі, халықтың ауруханалармен қамтылуы деңгейі, халықтың аурухана төсегімен қамтылуы деңгейі, халықтың амбулаторлық-емханалық мекемелермен қамтылуы деңгейі, халықтың медициналық жедел жәрдем қызметімен қамтылуы деңгейі, халықтың денсаулыққа шығыстары деңгейі, денсаулық сақтауға мемлекеттік шығындар деңгейі.*

Денсаулық сақтау деңгейі индексі ( $I_{LH}$  – index of level of the healthcare) ел халқының денсаулығын сақтаудың ахуалдарын бейнелейтін 8 құраушы индекстен құралған [1]. Атап айтқанда:

Халықтың дәрігерлермен қамтылуы деңгейі индексі ( $I_{L6-1}$ ). Ол 10 000 адамға шаққандағы дәрігерлердің саны негізінде есептеледі;

Халықтың орта медициналық қызметкерлермен қамтылуы деңгейінің индексі ( $I_{L6-2}$ ). Ол 10 000 адамға шаққандағы орта медициналық қызметкерлердің саны негізінде есептеледі;

Халықтың ауруханалармен қамтылуы деңгейі индексі ( $I_{L6-3}$ ). Ол 10 000 адамға шаққандағы ауруханалар саны негізінде есептеледі;

Халықтың аурухана төсегімен қамтылуы деңгейі индексі ( $I_{L6-4}$ ). Аталмыш индекс елдегі 10 000 адамға шаққандағы аурухана төсектерінің саны негізінде есептеледі;

Халықтың амбулаторлық-емханалық мекемелермен қамтылуы деңгейі индексі ( $I_{L6-5}$ ). Ол 10 000 адамға шаққандағы амбулаторлық-емханалық мекемелердің саны көрсеткішінің негізінде есептеледі;

Халықтың медициналық жедел жәрдем қызметімен қамтылуы деңгейі индексі ( $I_{L6-6}$ ). Ол 10 000 адамға шаққандағы медициналық жедел жәрдем қызметін көрсетуші станциялар санымен есептеледі;

Халықтың денсаулыққа шығыстары деңгейі индексі ( $I_{L6-7}$ ). Ол халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне айлық шығыстарының айлық тұтыну шығыстарындағы үлесінің оң мәні негізінде есептеледі;

Денсаулық сақтауға мемлекеттік шығындар деңгейі индексі ( $I_{L6-8}$ ). Ол денсаулық сақтауға жанбасына шаққандағы мемлекеттік шығындарының негізінде есептеледі.

Қорытындысында, халықтың тұрмыс деңгейін аймақтағы тұрғын халықтың денсаулығын сақтау дәрежесі бойынша бағалаушы – денсаулық сақтау деңгейі индексі 1-формуламен анықталады:

$$I_{LH} = \sum_{i=1}^8 I_{L6-i} / 8 \quad (1)$$

2011 жылы Республика бойынша дәрігерлер саны 62 239 адам болған. Сол жылы Алматы қаласында 10 241 дәрігер жұмыс жасаған. Бұл

аймақтар бойынша дәрігердің ең көп саны (1-кесте). Ал, дәрігерлері ең аз Маңғыстауда 1 704 дәрігер, Атырауда 1 707 дәрігер болған. Ел өңірлері бойынша 10 000 адамға шаққанда дәрігерлері саны ең үлкен аймақтардың қатарында 73 дәрігермен Астана және 71 дәрігермен Алматы қалалары табылса, қалған облыстардың әрқайсысындағы дәрігерлердің саны Астана қаласымен салыстырғанда 56 %-дан да аз болған. Ең төмен көрсеткіш Алматы облысында. 10 000 адамға шаққанда – 22 дәрігер [2, б. 84-85].

Кесте 1 – Өңірлердегі 2011 жылғы халықтың дәрігерлермен және орта медициналық қызметкерлермен қамтылуы деңгейлері

Аймақтар	Халықтың дәрігерлермен қамтылуы деңгейі			Халықтың орта медициналық қызметкерлермен қамтылуы деңгейі		
	Дәрігерлер жалпы саны, дәрігер	10 000 адамға шаққандағы дәрігерлердің саны, дәрігер	Деңгей индексі	Орта медициналық қызметкерлер жалпы саны, қызметкер	10 000 адамға шаққандағы орта медициналық қызметкерлердің саны, қызметкер	Деңгей индексі
Ақмола	2 227	30	0,1657	7 216	99	0,3878
Ақтөбе	3 091	39	0,3394	7 241	92	0,3562
Алматы	4 146	22	0,0000	13 241	69	0,2469
Атырау	1 707	31	0,1850	4 895	90	0,3469
БҚО	2 113	34	0,2450	13 814	226	1,0000
Жамбыл	3 209	30	0,1645	10 952	104	0,4121
Қарағанды	5 354	39	0,3416	7 125	52	0,1657
Қостанай	2 366	27	0,0961	13 784	157	0,6669
Қызылорда	2 366	33	0,2193	8 246	116	0,4695
Маңғыстау	1 704	31	0,1809	8 629	158	0,6737
ОҚО	8 492	32	0,2038	4 757	18	0,0000
Павлодар	3 068	41	0,3739	7 980	107	0,4270
СҚО	1 693	29	0,1374	6 648	114	0,4611
ШҚО	5 045	36	0,2777	23 495	168	0,7232
Астана қ.	5 417	73	1,0000	8 024	108	0,4327
Алматы қ.	10 241	71	0,9532	13 823	95	0,3717

2011 жылы елдегі орта медициналық қызметкерлердің саны 159 870 қызметкер болған. Сол жылы ШҚО-да 23 495 медициналық қызметкер жұмыс істеген (1-кесте). Бұл аймақтар бойынша ең үлкен көрсеткіш. Ал, орта медициналық қызметкерлер ОҚО-ында небары 4 757 қызметкер және Атырау облысында 4 895 қызметкер болған. Елдің аймақтары бойынша 10 000 адамға шаққанда орта медициналық қызметкерлер саны ең үлкен аймақтардың қатары алдында 226 қызметкерімен БҚО табылса, қатардың соңынан небары 18 қызметкермен ОҚО табылған. Сондай-ақ, 10 000 адамға шаққанда орта медициналық қызметкерлер аз облыстар қатарында 52 орта медициналық қызметкерімен Қарағанды, 69 қызметкерімен Алматы облысын көреміз. Елдің өңірлеріндегі халықтың орта медициналық қызметкерлермен қамтылуының ең жоғары деңгейі БҚО-ында болса, ең төмен деңгейі ОҚО-ында болған [2, б. 85].

2011 жылы Республика бойынша 1 009 аурухана болған (2-кесте). Мұның 153 аурухана ОҚО-да жұмыс істеген. Бұл аймақтар бойынша ең үлкен көрсеткіш. Ал, аурухана ең аз аймақтарды атар болсақ, Астана қаласы – 31 аурухана, СҚО – 32 аурухана, Маңғыстау облысы – 33 аурухана. Елдің аймақтары бойынша 10 000 адамға шаққанда ауруханалар саны ең көп аймақтардың алдыңғы қатарында 8,03 ауруханамен Павлодар облысы табылса, қатардың соңында небары 4,17 ауруханамен Астана қаласы орналасқан. Сонымен қатар, 10 000 адамға шаққанда аурухана аз облыстардың қатарында 4,61 ауруханалы Алматы облысы, 4,76 ауруханалы Алматы қаласы орын тепкен. Елдің өңірлеріндегі халықтың ауруханамен қамтылуының ең жоғары деңгейі Павлодар облысында болса, ең төмен деңгейі Астана қаласында болған [2, б. 86].

Кесте 2 – Қазақстанның өңірлеріндегі 2011 жылғы халықтың ауруханамен және аурухана төсегімен қамтылуы деңгейлері

Аймақтар	Халықтың ауруханалармен қамтылуы деңгейі			Халықтың аурухана төсегімен қамтылуы деңгейі		
	Ауруханалар саны, аурухана	10 000 адамға шаққандағы ауруханалар саны, аурухана	Деңгей индексі	Аурухана төсектерінің саны, төсек	10000 адамға шаққандағы аурухана төсектерінің саны, төсек	Деңгей индексі
Ақмола	44	6,02	0,4784	6 048	82,70	0,3925

Ақтөбе	52	6,61	0,6329	4 835	61,49	0,2735
Алматы	88	4,61	0,1137	9 450	49,49	0,2062
Атырау	41	7,55	0,8759	3 444	63,43	0,2844
БҚО	42	6,86	0,6960	11 698	190,97	1,0000
Жамбыл	58	5,49	0,3426	6 811	64,50	0,2904
Қарағанды	97	7,14	0,7701	4 804	35,37	0,1270
Қостанай	59	6,71	0,6574	11 518	130,95	0,6632
Қызылорда	53	7,43	0,8455	6 726	94,33	0,4578
Маңғыстау	33	6,05	0,4863	5 453	99,92	0,4892
ОҚО	153	5,84	0,4317	3 339	12,74	0,0000
Павлодар	60	8,03	1,0000	6 237	83,49	0,3969
СҚО	32	5,48	0,3402	5 017	85,97	0,4109
ШҚО	97	6,95	0,7210	15 651	112,19	0,5580
Астана қ.	31	4,17	0,0000	6 153	82,82	0,3932
Алматы қ.	69	4,76	0,1522	10 471	72,20	0,3336

2-кестеде келтірілген мәліметтерден көретініміздей, Республика бойынша 2011 жылы 117 655 аурухана төсегі болған. Мұның 15 651 төсегі ШҚО-да. Бұл аймақтар бойынша ең үлкен көрсеткіш. Ал, аурухана төсегі ең аз аймақтар қатарынан, ОҚО-ын (3 339 төсек), Атырау облысын (3 444 төсек) атауға болады. Елдің аймақтары бойынша 10 000 адамға шаққанда аурухана төсектерінің саны ең көп аймақтардың алдыңғы қатарында 190,97 аурухана төсегімен БҚО көрінсе, қатардың ең соңында небары 12,74 аурухана төсегімен ОҚО орналасқан. Республикалық орташа көрсеткіш – 70,56 төсек. Сонымен қатар, 10 000 адамға шаққанда аурухана төсегі аз облыстардың қатарында 35,37 аурухана төсегімен Қарағанды облысы, 49,49 аурухана төсегімен Алматы облысы орын тепкен. Өңірлердегі халықтың аурухана төсегімен қамтылуының ең жоғары деңгейі БҚО-ында, ең төмен деңгейі ОҚО-ында болған [2, б. 86].

2011 жылы Республика бойынша 3 538 амбулаторлық-емханалық мекеме болған (3-кесте). Мұның 395 мекемесі Алматы қаласында орналасқан. Бұл аймақтар бойынша ең үлкен көрсеткіш. Ал, амбулаторлық-емханалық мекемелері ең аз аймақтар, Маңғыстау облысы (62 мекеме), Атырау облысы (114 мекеме), Астана қаласы (143 мекеме), Қостанай облысы (146 мекеме). Елдің аймақтары бойынша 10 000 адамға шаққанда амбулаторлық-емханалық мекемелердің саны ең көп аймақтардың алдыңғы қатарында 2,86 мекемемен Павлодар облысы табылса, қатардың соңында небары 1,14 мекемемен Маңғыстау облысы орналасқан. Сонымен қатар, 10 000 адамға шаққанда амбулаторлық-емханалық мекемелері аз облыстардың қатарында 1,40 мекемелі ОҚО, 1,66 мекемелі Қостанай облысы, 1,89 мекемелі

Алматы облысы, 1,92 мекемелі Астана қаласы орын тепкен. Өңірлердегі халықтың амбулаторлық-емханалық мекемелерімен қамтылуының ең жоғары деңгейі Павлодар облысында болса, ең төмен деңгейі Маңғыстау облысында болған [2, б. 87].

3-кестенің мәліметтері бойынша, 2011 жылы Республика бойынша 333 медициналық жедел жәрдем қызметін көрсетуші станциялар болған. Бұлардың 52 станциясы Алматы облысында орналасқан. Бұл елдің аймақтары бойынша ең үлкен көрсеткіш. Ал, медициналық жедел жәрдем қызметін көрсетуші станциялары ең аз аймақтар – Астана қаласы (3 станция), Алматы қаласы (10 станция), Қызылорда облысы (11 станция), Маңғыстау облысы (13 станция).

Кесте 3 – Қазақстанның өңірлеріндегі 2011 жылғы халықтың амбулаторлық-емханалық мекемелермен және медициналық жедел жәрдем қызметімен қамтылуы деңгейлері

Аймақтар	Халықтың амбулаторлық-емханалық мекемелермен қамтылуы деңгейі			Халықтың медициналық жедел жәрдем қызметімен қамтылуы деңгейі		
	Амбулаторлық-емханалық мекемелер саны, мекеме	10000 адамға шаққандағы амбулаторлық-емханалық мекемелер саны, мекеме	Деңгей индексі	Медициналық жедел жәрдем қызметін көрсетуші станциялар саны, станса	10000 адамға шаққандағы медициналық жедел жәрдем қызметін көрсетуші станциялар саны, станса	Деңгей индексі
Ақмола	182	2,49	0,7841	22	0,301	0,7368
Ақтөбе	203	2,58	0,8381	17	0,216	0,4977
Алматы	360	1,89	0,4334	52	0,272	0,6563
Атырау	114	2,10	0,5578	15	0,276	0,6674
БҚО	167	2,73	0,9223	23	0,375	0,9477
Жамбыл	208	1,97	0,4824	15	0,142	0,2883
Қарағанды	274	2,02	0,5102	30	0,221	0,5110
Қостанай	146	1,66	0,3023	23	0,261	0,6257
Қызылорда	167	2,34	0,6990	11	0,154	0,3228

Маңғыстау	62	1,14	0,0000	13	0,238	0,5599
ОҚО	366	1,40	0,1489	21	0,080	0,1133
Павлодар	214	2,86	1,0000	19	0,254	0,6055
СҚО	163	2,79	0,9611	23	0,394	1,0000
ШҚО	374	2,68	0,8959	36	0,258	0,6160
Астана қ.	143	1,92	0,4563	3	0,040	0,0000
Алматы қ.	395	2,72	0,9207	10	0,069	0,0818

Республика бойынша 10 000 адамға шаққанда медициналық жедел жәрдем қызметін көрсетуші станциялардың саны ең көп аймақтардың алдыңғы қатарында 0,394 станциямен СҚО табылса, қатардың соңында небары 0,04 станциямен Астана қаласы орналасқан. Сонымен қатар, медициналық жедел жәрдем станциялары аз облыстар қатарында 0,069 станциялы Алматы қаласы, 0,142 станциялы Жамбыл, 0,154 станциялы Қызылорда облыстары [2, б. 91-92].


2011 жылы аймақтар бойынша халықтың денсаулық сақтауға айлық шығыстарының ең үлкен көлемі Алматы (3 228 теңге), Астана (2 946 теңге) қалаларында, ең аз мөлшері Маңғыстау (2 162 теңге), Жамбыл (2 182 теңге) облыстарында болған. Республикалық орташа шама 2 516 теңгені құраған. Мұндай шығындардың халықтың тұтыну шығыстары көлеміне арасалмағы республика бойынша 9,38 %-ды, ОҚО-ында 12,52 %-ды құрап, ең жоғарғы көрсеткішті белгілесе, ең төмен көрсеткіш – 7,25 %, Алматы қаласында қалыптасқан (4-кесте).

Кесте 4 – Қазақстанның аймақтарындағы халықтың денсаулыққа 2011 жылғы шығыстары деңгейі

Аймақтар	Халықтың денсаулыққа шығыстары деңгейі			
	Үйшаруашылығының денсаулыққа шығыстары, теңге	Үйшаруашылығының тұтыну шығыстары, теңге	Халықтың денсаулыққа шығыстарының тұтыну шығысындағы үлесі, %	Деңгей индексі
Ақмола	2 404	24 820	9,68	0,4020
Ақтөбе	2 223	27 894	7,97	0,7848
Алматы	2 570	32 365	7,94	0,7922
Атырау	2 261	26 074	8,67	0,6098
БҚО	2 134	22 751	9,38	0,4597
Жамбыл	2 182	21 821	10,00	0,3465

Қарағанды	2 722	28 893	9,42	0,4515
Қостанай	2 363	23 813	9,92	0,3595
Қызылорда	2 399	25 467	9,42	0,4517
Маңғыстау	2 162	24 071	8,98	0,5409
ОҚО	2 236	17 860	12,52	0,0000
Павлодар	2 262	25 159	8,99	0,5393
СҚО	2 609	22 162	11,77	0,0871
ШҚО	2 544	24 809	10,25	0,3034
Астана қ.	2 946	36 717	8,02	0,7699
Алматы қ.	3 228	44 547	7,25	0,0000

Қортындысында, 2011 жылы Республикалық денсаулық сақтау деңгейі индексі – 0,4253 болған (1-сурет). Қазақстанның өңірлерінде денсаулық сақтау деңгейі индекстері мөндерінен көретініміздей, БҚО-ында (0,7534), Павлодар (0,6204), ШҚО-ында (0,5855), Алматы (0,5439) қаласында жоғары, Оңтүстік Қазақстан (0,1281), Жамбыл (0,3320), Алматы (0,3489) облыстарында төмен болған.



Сурет 1 – Өңірлердегі 2011 жылғы денсаулық сақтау деңгейлері

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Zhanat, M. Methodology of determining the level of living. // Life Science Journal. 2013. № 10 (8s). pp. 431-441

2 Халықтың тұрмыс деңгейі. Қазақстан өңірлері 2011 жылы. / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде / – Астана, 2012. – 400 б.

Материал 02.07.15 редакцияға түсті.





М. Жанат, С. М. Хасенова

### Анализ уровня здравоохранения в регионах

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар  
Материал поступил в редакцию 02.07.15.

M. Zhanat, S. M. Khasenova

### The analysis of the healthcare level in regions

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar  
Material received on 02.07.15.

*В данной работе проведена исследовательская работа по определению и сравнению уровня здравоохранения в регионах Казахстана. Цель исследовательской работы – апробация авторской методологии определения уровня жизни населения в внутривнутристрановом уровне исследований.*

*This article presents the definition and comparison the level of the healthcare in regions of Kazakhstan. The purpose of research work – test the author's methodology for determining the level of living of the population in the intracountry level of researches.*

ӘОЖ 330. 59

### М. Жанат<sup>1</sup>, Ж. Дәуіт<sup>2</sup>


<sup>1</sup> PhD, С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,  
Павлодар қ.

<sup>2</sup> география магистрі, мұғалім, № 15 жалпы орта білім беру мектебі,  
Павлодар қ.

### Өңірлердегі халықтың білімге қолжетімділігі деңгейінің талдауы

*Мақалада аймақтардағы тұрғын халықтың білімге қолжетімділігі деңгейін анықтау және салыстыру бойынша зерттеу жұмыстары келтірілген. Зерттеу жұмысының мақсаты – авторлық халықтың тұрмыс деңгейін анықтау әдіснамасын зерттеудің елішілік ауқымында апробациялау және елдің аймақтарының тұрмыс деңгейлерін анықтау және салыстыру.*

*Кілтті сөздер: тұрмыс деңгейі, білім беруге мемлекеттік шығындар, мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылу, жалпы орта*



*біліммен қамтылу, бір тәрбиеленушіге мемлекеттік шығын, бір оқушыға мемлекеттік шығын, бір кәсіби орта білім алушыға мемлекеттік шығын, бір студентке мемлекеттік шығын, білім саласындағы айлық жалақы, халықтың білімге шығыстары*

Зерттеу жұмысында авторлық әдістемені ел ішілік талдау жұмыстарында апробациялау мақсатында Қазақстанның өңірлеріндегі 2011 жылғы халықтың тұрмысы деңгейінің құрамдас бөлігі тұрғын халықтың білімге қолжетімділік деңгейін анықтау және өзара салыстыру жұмыстарын жүргіземіз [1]. Ол үшін елдік орташа деңгейді, Астана, Алматы қалаларының және облыстардағы білімге қолжетімділік деңгейлерін талдаймыз.

Білімге қолжетімділік деңгейінің индексінің ( $I_{LE}$ ) келесі құраушы индекстердің арифметикалық орташа мәндерімен есептеледі:

*Білім беруге мемлекеттік шығындар деңгейінің индексі* елдің білім беруге мемлекеттік шығындары мен ҰЖТ көлемінің арасалмағы негізінде анықталады;

*Мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылу деңгейінің индексі* мектеп жасына дейінгі барлық балалардың санындағы мектепке дейінгі тәрбиемен қамту мекемелерінде тәрбиеленетін балалардың санының үлесі салмағы көрсеткіші бойынша анықталатын мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылу деңгейі көрсеткішінің негізінде анықталады;

*Жалпы орта біліммен қамтылу деңгейінің индексі* мектеп жасындағы барлық балалардың санындағы (меншік қалыбына қатыссыз), жалпы орта білім беру мекемелерінде білім алушы балалар санының үлесі салмағы көрсеткіші бойынша анықталатын жалпы орта біліммен қамтылу деңгейі негізінде анықталады;

*Бір тәрбиеленушіге мемлекеттік шығындар деңгейінің индексі* мектепке дейінгі тәрбиеге мемлекеттік жиынтық шығындардың мектепке дейінгі тәрбиемен қамту мекемелерінде тәрбиеленетін балалардың санына қатынасы бойынша анықталатын бір тәрбиеленушіге мемлекеттік шығындардың зерттеу өрісіндегі белгіленген валютамен есептелген шамасы негізінде анықталады;

*Бір оқушыға мемлекеттік шығындар деңгейі индексі* жалпы орта білім беруге мемлекеттік жиынтық шығындардың жалпы орта білім беру мекемелерінде білім алушы балалардың санына қатынасымен анықталатын бір оқушыға мемлекеттік шығындардың зерттеу өрісіндегі белгіленген валютамен есептелген шамасы негізінде анықталады;

*Бір кәсіби орта білім алушыға мемлекеттік шығындар деңгейінің индексі* техникалық және кәсіби білім беруге мемлекеттік жиынтық шығындардың техникалық және кәсіби білім беру мекемелерінде білім алушылардың санына қатынасы арқылы анықталатын бір кәсіби орта

білім алушыға мемлекеттік шығындардың зерттеу өрісіндегі белгіленген валютамен есептелген көрсеткіштің негізінде анықталады;

*Бір студентке мемлекеттік шығындар деңгейі индексі* кәсіби жоғары білім беруге мемлекеттік жиынтық шығындардың ЖОО-дарында білім алушылардың санына қатынасы арқылы анықталатын бір студентке мемлекеттік шығындардың зерттеу өрісіндегі белгіленген валютамен есептелген шамасы көрсеткіші негізінде анықталады;

*Білім саласындағы айлық жалақы деңгейі индексі* елдің білім беру саласындағы орташа айлық жалақының зерттеу өрісіндегі белгіленген валютамен есептелген сомасы көрсеткішінің негізінде анықталады;

*Халықтың білімге шығыстары деңгейі индексі* елдегі халықтың білімге (үйшаруашылығының білім беру қызметтерін тұтынуға) айлық шығыстарының айлық тұтыну шығыстарындағы үлесі көрсеткішінің оң мәні негізінде анықталады.

1-кестеде келтірілгендей, 2011 жылы Қазақстанның өңірлеріндегі білім беруге мемлекеттік шығындардың аймақтар бойынша ең үлкен көлемі – 179 031 млн. теңге, Алматы қаласында және ең аз мөлшері – 28 750 теңге, Маңғыстау облысында қалыптасқан. Республика бойынша мемлекеттік бюджеттен бөлініп, білім беруге жұмсалған 948 451 млн. теңгенің 31,35 %-ы Алматы қаласы мен ОҚО-ның (118 262 млн. теңге) үлесіне келеді. Мұндай мемлекеттік шығындардың елдің ӨЖӨ көлеміне арасалмағы республика бойынша 3,4 %-ды құраған. Ал, қалған аймақтардағы мұндай үлестік салмақ 7,8 %-ды құрған. Ең жоғарғы көрсеткіш ОҚО-да құралса, ең төмен көрсеткіш – 0,9 %, Атырау облысында қалыптасқан. Нәтижесінде, өңірлердегі білім беруге мемлекеттік шығындар деңгейі ОҚО-ында ең жоғары, Атырау облысында ең төмен болған [2].

Кесте 1 – Қазақстанның өңірлеріндегі 2011 жылғы білімге мемлекеттің және халықтың шығындары деңгейлері

Аймақтар	Білім беруге мемлекеттік шығындар деңгейі			Халықтың білімге шығыстары деңгейі		
	Білім беруге мемлекеттік шығындар көлемі, млн. теңге	Білім беруге мемлекеттік шығындардың ӨЖӨ көлеміне арасалмағы, %	Деңгей индексі	Үйшаруашылығының білімге шығыстары көлемі, теңге	Үйшаруашылығының білімге шығыстарының тұтыну шығыстарындағы үлесі, %	Деңгей индексі
Ақмола	41 953	5,18	0,6208	2 230	8,98	0,3747
Ақтөбе	50 430	3,41	0,3642	3 970	14,23	0,9921
Алматы	59 383	4,77	0,5602	3 258	10,07	0,5019
Атырау	31 508	0,90	0,0000	3 723	14,30	1,0000
БҚО	38 765	2,93	0,2940	1 967	8,64	0,3346
Жамбыл	48 075	7,58	0,9681	1 575	7,22	0,1667
Қарағанды	71 157	2,97	0,2996	2 623	9,08	0,3858
Қостанай	43 113	3,80	0,4198	1 499	6,29	0,0581
Қызылорда	41 541	4,01	0,4513	2 955	11,60	0,6827
Маңғыстау	28 750	1,64	0,1075	2 054	8,53	0,3215
ОҚО	118 262	7,80	1,0000	1 339	7,49	0,1993
Павлодар	40 591	2,66	0,2548	1 458	5,80	0,0000
СҚО	34 747	5,20	0,6236	1 868	8,43	0,3093
ШҚО	64 674	3,98	0,4466	2 437	9,82	0,4735
Астана қ.	56 471	2,70	0,2610	3 502	9,54	0,4399
Алматы қ.	179 031	3,66	0,3995	5 268	11,82	0,7088

2011 жылы халықтың білімге айлық шығыстарының аймақтар бойынша ең үлкен көлемдері Алматы (5 268 теңге), Астана (3 502 теңге) қалаларында және Ақтөбе (3 970 теңге), Атырау (3 723 теңге) облыстарында, ең аз мөлшері ОҚО-да (1 339 теңге) Павлодар (1 458 теңге) облыстарында қалыптасқан. Республикалық орташа шама 2 649 теңгені құраған. Мұндай шығындардың үйшаруашылығының тұтыну шығыстары көлеміне арасалмағы республика бойынша 9,8 %-ды құраған. Ал, аймақтардағы мұндай арасалмақтық қатынас Атырау облысында 14,3 %-ды құрап, ең жоғарғы көрсеткішті белгілесе, ең

төмен көрсеткіш – 5,8 %, Павлодар облысында қалыптасқан. Қортындысында, өңірлердегі халықтың білімге шығыстары деңгейі Атырау облысында ең жоғары болса, ең төмен деңгейі Павлодар облысында болған (1-кесте).

2-кестеде келтірілгендей, 2011 жылы аймақтардағы мектепке дейінгі тәрбие (МДТ) беру бойынша бір тәрбиеленушіге мемлекеттік жылдық шығындардың ең үлкен көлемі аймақтар бойынша – 177 036 теңге, Алматы қаласында және ең аз мөлшері – 61 730 теңге, ШҚО-ында қалыптасқан. Осы жылы Республика бойынша МДТ-ге мемлекеттік шығындардың бір тәрбиеленушіге шаққандағы жылдық сомасы 105 962 теңге болды. Нәтижесінде, өңірлердегі бір тәрбиеленушіге мемлекеттік шығындар деңгейі Алматы қаласында ең жоғары, ШҚО-ында ең төмен болған.

2011 жылы Қазақстанның аймақтарындағы бір мектеп оқушысына мемлекеттік жылдық шығындардың негізінде есептелген ЖОБ-ге мемлекеттік шығындардың ең үлкен көлемі аймақтар бойынша – 285 599 теңге, СҚО-да және ең аз мөлшері – 126 630 теңге, Астана қаласында қалыптасқан. Осы жылы Республика бойынша ЖОБ-ге мемлекеттік шығындардың бір оқушыға есептелген жылдық сомасы 183 513 теңге болды. Нәтижесінде, өңірлердегі бір оқушыға мемлекеттік шығындар деңгейі СҚО-ында ең жоғары, Астана қаласында ең төмен (2-кесте).

Кесте 2 – Қазақстанның өңірлеріндегі 2011 жылғы білім сатылары бойынша бір білім алушыға мемлекеттік шығындар деңгейлері

Аймақтар	Бір тәрбиеленушіге мемлекеттік шығындар деңгейі		Бір оқушыға мемлекеттік шығындар деңгейі		Бір кәсіби орта білім алушыға мемлекеттік шығындар деңгейі	
	МДТ-ге мемлекеттік шығындардың бір тәрбиеленушіге шаққандағы сомасы, теңге	Деңгей индексі	ЖОБ-ге мемлекеттік шығындардың бір оқушыға шаққандағы сомасы, теңге	Деңгей индексі	ТжКБ-ге мемлекеттік шығындардың бір кәсіби орта білім алушыға шаққандағы сомасы, теңге	Деңгей индексі
Ақмола	124 008	0,5401	238 720	0,7051	152 222	1,0000
Ақтөбе	126 934	0,5655	226 106	0,6258	67 012	0,0063
Алматы	112 947	0,4442	168 638	0,2643	119 792	0,6218

Атырау	97 609	0,3112	172 215	0,2868	125 930	0,6934
БҚО	115 575	0,4670	244 088	0,7389	94 030	0,3214
Жамбыл	101 662	0,3463	173 778	0,2966	81 468	0,1749
Қарағанды	81 860	0,1746	186 037	0,3737	99 084	0,3803
Қостанай	89 572	0,2415	253 026	0,7951	126 817	0,7037
Қызылорда	109 726	0,4163	167 479	0,2570	80 164	0,1597
Маңғыстау	154 943	0,8084	153 125	0,1667	66 847	0,0044
ОҚО	89 362	0,2396	151 571	0,1569	82 007	0,1812
Павлодар	100 481	0,3361	235 271	0,6834	118 594	0,6078
СҚО	74 353	0,1095	285 599	1,0000	130 327	0,7447
ШҚО	61 730	0,0000	194 802	0,4288	100 082	0,3920
Астана қ.	147 760	0,7461	126 630	0,0000	66 469	0,0000
Алматы қ.	177 036	1,0000	156 675	0,1890	71 867	0,0629

2011 жылы Қазақстанның аймақтарындағы бір ТжКБ алушыға мемлекеттік жылдық шығындар негізінде есептелген ТжКБ-ге мемлекеттік шығындардың ең үлкен көлемі аймақтар бойынша – 152 222 теңге, Ақмола облысында және ең аз мөлшерлері – 66 469 теңге, Астана қаласында, Маңғыстау облысында – 66 847 теңге қалыптасқан. Осы жылы Республика бойынша ТжКБ-ге мемлекеттік шығындардың бір білім алушыға шаққандағы жылдық сомасы 94 203 теңге болды. Сонымен, өңірлердегі бір кәсіби орта білім алушыға мемлекеттік шығындар деңгейі Ақмола облысында ең жоғары, Астана қаласында ең төмен болған (2-кесте).

Сол жылы білім саласындағы айлық жалақының республикалық орташа шамасы 59 221 теңге болса, аймақтар бойынша республикалық көрсеткіштен үлкен шамалар 97 143 теңге Астана қаласында, 86 794 теңге Алматы қаласында және 59 492 теңге Атырау облысында болған. Қалған барлық өңірлердегі білім саласындағы айлық жалақы сомасы республикалық орташа деңгейден төмен болған. Ал, елдің өңірлеріндегі білім саласындағы ең төмен айлық жалақы 48 780 теңге БҚО-да қалыптасқан. Сондай-ақ, бұл жылы өңірлердегі білім саласындағы айлық жалақы сомасының ең үлкен шамасы және ең кіші шамасының арасалмағы 2 есеге жуықтаған. Нәтижесінде, өңірлердегі білім саласындағы айлық жалақы деңгейі Астана қаласында ең жоғары, БҚО-ында ең төмен болған (3-кесте) [3].

2011 жылы Қазақстанның аймақтарындағы мектеп жасына дейінгі балалардың МДТ-мен қамтылуының ең үлкен көрсеткіші – 91,7% – Қостанай облысында және ең төмен қамтылу көрсеткіші – 32,3% – ОҚО-да орын алған. Ал, республикалық МДТ-мен қамтылудың орташасы 47,2 %-ды құраған (3-кесте). Жалпы алғанда, сол жылы Алматы (33,2%), Маңғыстау (37,7%), Қызылорда (37,9%) облыстарында және Астана қаласында (35,1%) МДТ-мен

камтылу көрсеткіштері 40 %-дық деңгейге де жете алмаған. Нәтижесінде, өңірлердегі МДТ-мен камтылу деңгейі Қостанай облысында ең жоғары, ОҚО-ында ең төмен болған.


Кесте 3 – Қазақстанның өңірлеріндегі 2011 жылғы білім саласындағы айлық жалақы және МДТ-мен, ЖОБ-мен камтылу деңгейлері

Аймақтар	Білім саласындағы айлық жалақы деңгейі		Мектепке дейінгі тәрбиемен камтылу деңгейі		Жалпы орта біліммен камтылу деңгейі	
	Білім саласындағы орташа айлық жалақы, теңге	Деңгей индексі	Мектепке дейінгі тәрбиемен камтылу, %	Деңгей индексі	Жалпы орта біліммен камтылу, %	Деңгей индексі
Ақмола	54 968	0,1279	52,2	0,3350	78,3	0,5404
Ақтөбе	54 514	0,1186	63,5	0,5253	79,5	0,6508
Алматы	53 839	0,1046	33,2	0,0152	81,2	0,8149
Атырау	59 492	0,2215	53,9	0,3636	82,9	0,9787
БҚО	48 780	0,0000	59,7	0,4613	81,1	0,8080
Жамбыл	50 559	0,0368	42,3	0,1684	79,4	0,6404
Қарағанды	55 738	0,1439	86,6	0,9141	74,9	0,2101
Қостанай	55 401	0,1369	91,7	1,0000	72,7	0,0000
Қызылорда	59 507	0,2218	37,9	0,0943	76,6	0,3765
Маңғыстау	57 465	0,1796	37,7	0,0909	79,9	0,6929
ОҚО	55 114	0,1310	32,3	0,0000	81,5	0,8489
Павлодар	55 379	0,1364	67,1	0,5859	75,8	0,2940
СҚО	54 165	0,1113	61,0	0,4832	77,4	0,4481
ШҚО	56 889	0,1677	72,3	0,6734	76,7	0,3832
Астана қ.	97 143	1,0000	35,1	0,0471	78,3	0,5433
Алматы қ.	86 794	0,7860	49,5	0,2896	83,1	1,0000

2011 жылы, 3-кестеде баяндалғандай, елдің аймақтарындағы мектеп жасындағы балалардың жалпы орта біліммен (ЖОБ) камтылуының ең үлкен көрсеткіші – 83,1 % – Алматы қаласында және ең төмен камтылу көрсеткіші – 72,7 % – Қостанай облысында орын алған. Ал, республикалық ЖОБ-мен камтылудың орташасы 79,2 %-ды құраған. Жалпы алғанда, сол жылы Қарағанды (74,9 %), Павлодар (75,8 %), Қызылорда (76,6 %), ШҚО (76,7 %) облыстарында ЖОБ-мен камтылу біршама төмен болған.

2011 жылдың қортындысы бойынша, өңірлердегі ЖОБ-мен камтылудың ең жоғары деңгейі Алматы қаласында қалыптасса, ең төмен деңгейі Қостанай облысында қалыптасқан.

Қортындысында, 1-суретте бейнеленген, 2011 жылы Республикалық білімге қолжетімділік деңгейінің индексі – 0,3754 болған. Қазақстанның өңірлерінде білімге қолжетімділік деңгейі индекстерінің мәндерінен көретініміздей, Алматы қаласында (0,5545), Ақмола (0,5305), Атырау (0,4819), Ақтөбе (0,4811) облыстарында, СҚО-ында (4787) жоғары, Маңғыстау (2965), Қызылорда (3324) облыстарында, ОҚО-ында (0,3446), Жамбыл облысында (0,3498) төмен болған.



Сурет 1 – Өңірлердегі 2011 жылғы халықтың білімге қолжетімділігі деңгейлері


## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Zhanat, M. Methodology of determining the level of living. // Life Science Journal. 2013. № 10 (8s). pp. 431-441

2 Финансирование организаций образования. Статистика системы образования Республики Казахстан. / Национальный сборник / – Астана: НЦОСО, 2013 – 193 С.

3 Үй шаруашылықтары тұтыну шығыстарының құрамы. Халықтың тұрмыс деңгейі. Қазақстан өңірлері 2011 жылы. / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде / – Астана, 2012. – 400 б.

Материал 02.07.15 редакцияға түсті.



М. Жанат, Ж. Дәуіт

### Анализ уровня доступности образования в регионах

Павлодарский государственный университет

имени С. Торайгырова, г. Павлодар

СОШ № 15, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 02.07.15.

M. Zhanat<sup>1</sup>, Zh. Davit<sup>2</sup>

### The analysis of accessibility level to education in regions

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar,

school N.15, Pavlodar

Material received on 02.07.15.

*В данной работе проведена исследовательская работа по определению и сравнению уровня доступности образования в регионах Казахстана. Цель исследовательской работы – апробация авторской методологии определения уровня жизни населения в внутривнутристрановом уровне исследований.*

*This article presents the definition and comparison the level of accessibility of education in regions of Kazakhstan. The purpose of research work – test the author's methodology for determining the level of living of the population in the intracountry level of researches.*

УДК 330. 59


### М. Жанат

PhD, профессор, С. Торайгыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

### ӨНІРЛЕРДЕГІ ТҰРҒЫН ХАЛЫҚТЫҢ ЖИНАҚТАУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТАЛДАУЫ

*Бұл мақалада Қазақстанның аймақтарындағы тұрғын халықтың жинақтау деңгейін анықтау және салыстыру бойынша зерттеу жұмыстары келтірілген. Зерттеу жұмысының мақсаты – авторлық халықтың тұрмыс деңгейін анықтау әдіснамасын зерттеудің елішілік ауқымында апробациялау және елдің аймақтарының тұрмысы деңгейлерін анықтау және салыстыру.*



*Кілтті сөздер: халықтың тұрмыс деңгейі, халықтың жинақтау деңгейі, жеке тұлғалардың жанбасына шаққандағы айлық банктік салымдары, мемлекеттік жинақтар деңгейі, мемлекеттің жанбасына шаққандағы айлық жинағы, табыс-жинақ деңгейі, халықтың жанбасына шаққандағы айлық салымдары, айлық ақшалай табыстары.*

Әрбір мемлекеттің ең маңызды ұлттық мақсаттарының бірі болып өз халқының өсіп-өркендеуі, тұрмыс деңгейінің артуы үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыру, жетілдіру табылады. Халықтың тұрмыс деңгейі – тұрғын халықтың қолайлы өмір сүруіне қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі. Ол халықтың тұрмыс мен тіршілігінің алуан түрлі қырларын жан-жақты сипаттайтын сан түрлі көрсеткіштермен баяндалады. Сәйкесінше, тұрмыс деңгейіне алуан түрлі факторлар әсер етеді. Атап айтқанда, бір жағынан тұрғын халықтың құрамдары мен шамалары үнемі өзгеріп отыратын алуан түрлі қажеттіліктері әсер етсе, келесі жағынан осы шексіз қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндіктердің елдегі табиғи, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, саяси, демографиялық және т.б. ахуалдармен байланысты шектеулілігі ықпал етеді.

Соның бірі, жинақ факторлары – мемлекеттің және ұйшаруашылығының табыстарынан жинақтауы деңгейіне ықпал етуші факторлар. Мұндай факторлардың әсері халықтың тұрмыс деңгейінде жеке тұлғалардың жинақтарының және ұлттық жинақтаудың (мемлекеттік жинақ қорының) шамасының өзгерістері арқылы көрініс береді [1].

Зерттеу жұмысында авторлық әдістемені ел ішілік талдау жұмыстарында апробациялау мақсатында Қазақстанның өңірлеріндегі халықтың тұрмысы деңгейінің құрамдас бөлігі тұрғын халықтың жинақтау деңгейін анықтау және оларды өзара салыстыру жұмыстарын жүргіземіз [2]. Ол үшін елдік орташа деңгейді, Астана мен Алматы қалаларының және облыстардың тұрғын халқының мүліктік қамтамасыздандырылуы деңгейлерін талдаймыз.

Әрбір құраушы индекс зерттеу объектісіне тиесілі бағалаушы қорытынды көрсеткіштің нақтылы мәні және зерттеу өрісіндегі белгіленген ең үлкен, ең кіші мәндері арқылы 1-формулада берілген тәсілмен есептеледі. Тұрмыс деңгейінің зерттеулері үшін мұндай ең үлкен, ең кіші мәндер әлемдік тәжірибелерге негізделі отырып, әлемдік деңгейде ортақ белгіленген болуы тиіс. Егер мұндай, әрбір құраушы индекс көрсеткіштерінің зерттеу өрісіндегі ең үлкен, ең кіші мәндері белгіленбеген болса, онда олар зерттеу өрісіндегі қалыптасқан ең үлкен, ең кіші мәндері арқылы есептеуге болады.

$$I_{Ln-i} = \frac{R_i - R_i^{\min}}{R_i^{\max} - R_i^{\min}} \quad (1)$$

мұндағы,  $R_i$  – зерттеу объектісіне тиесілі  $i$ -нші қорытынды көрсеткіштің нақтылы мәні;

$R_i^{\max}$  – зерттеу өрісіндегі  $i$ -нші қорытынды көрсеткіштің белгіленген (қалыптасқан) ең үлкен мәні;

$R_i^{\min}$  – зерттеу өрісіндегі  $i$ -нші қорытынды көрсеткіштің белгіленген (қалыптасқан) ең кіші мәні.

Жинақтау деңгейі индексі ( $I_{LS}$  – *index of savings level*):

Халықтың жинағы деңгейі индексі ( $I_{L3-1}$ ). Аталмыш индекс жеке тұлғалардың жанбасына шаққандағы айлық банктік салымдарының зерттеу өрісіндегі белгіленген валютамен есептелген сомасы көрсеткішінің негізінде 1-формуламен есептеледі;

Мемлекеттік жинақтар деңгейі индексі ( $I_{L3-2}$ ). Аталмыш индекс мемлекеттің жанбасына шаққандағы айлық жинағының зерттеу өрісіндегі белгіленген валютамен есептелген сомасының негізінде 1-формуламен есептеледі;

Табыс-жинақ деңгейі индексі ( $I_{L3-3}$ ). Ол халықтың жанбасына шаққандағы айлық салымдары мен айлық ақшалай табыстарының арасалмағы негізінде 1-формуламен есептеледі.

Қорытындысында, елдегі тұрғын халықтың тұрмыс деңгейін мемлекеттік және жеке жинақтардың деңгейі бойынша бағалаушы индекс – жинақтау деңгейі индексі 2-формуламен анықталады:

$$I_{LS} = \sum_{i=1}^3 I_{L3-i} / 3 \quad (2)$$

2011 жылы Қазақстанның аймақтарындағы жеке тұлғалардың банктік жиынтық салымдарының аймақтың жанбасына шаққандағы бір айлық көлемі аймақтар бойынша ең үлкені Алматы қаласында және ең аз мөлшері Алматы облысында қалыптасқандығы туралы мәліметтерді 1-кестеден көреміз. Жалпы алғанда, жеке тұлғалардың банктік жиынтық салымдарының жанбасына шаққандағы бір айлық көлемі Алматы қаласында 11 873 теңге, Астана қаласында 3 252 теңге болған. Бұл республикалық орташа шама 1 666 теңгеден жоғары көрсеткіштер. Ал, қалған барлық аймақтарда жинақ сомасы республикалық орташадан төмен. Аталмыш екі қаладан басқа аймақтармен салыстырғанда әлде қайда үлкен көрсеткіштер Павлодар облысында қалыптасқан. Мұндағы жанбасына шаққандағы жинақ сомасы – 1 013 теңге. Бұл көрсеткіш бойынша ең төмен сомалар Алматы облысында 168 теңге, Жамбыл облысында 277 теңге, Қызылорда облысында 301 теңге болып қалыптасқан. Сондай-ақ, бұл жылы жеке тұлғалардың банктік салымдарының жанбасына шаққандағы айлық көлемінің ең үлкен және ең

кішісінің арасалмағы 70 еседей болған. Сонымен, өңірлердегі халықтың жинағы деңгейі Алматы қаласында ең жоғары болса, Алматы облысында ең төмен болған [3].


Халықтың жинақтарының ақшалай табыстарына арасалмағы республика бойынша 0,3 %-ды құраса, ең үлкен үлес – 12,2 % – Алматы қаласына, ең аз үлес – 0,07 % – Алматы облысына тиесілі болған. Нәтижесінде, өңірлердегі жеке тұлғалардың салымы мен ақшалай табысы арасалмағы деңгейі Алматы қаласында ең жоғары болса, Алматы облысында ең төмен болған (1-кесте).

Кесте 1 – Қазақстанның өңірлеріндегі 2011 жылғы халықтың жинағы және табыс-жинақ деңгейлері

Аймақтар	Халықтың жинағы деңгейі			Табыс-жинақ деңгейі	
	Жеке тұлғалардың банктік салымдарының жиынтығы, мың теңге	Жеке тұлғалардың банктік салымдарының жанбасына айлық мөлшері, теңге	Деңгей индексі	Жеке тұлғалардың салымдары мен ақшалай табыстарының арасалмағы, %	Деңгей индексі
Ақмола	295 917	405	0,0202	0,0008	0,0037
Ақтөбе	706 977	899	0,0625	0,0017	0,0103
Алматы	321 147	168	0,0000	0,0004	0,0000
Атырау	443 782	817	0,0555	0,0006	0,0020
БҚО	357 528	584	0,0355	0,0010	0,0049
Жамбыл	292 678	277	0,0093	0,0007	0,0028
Қарағанды	1 138 802	839	0,0573	0,0014	0,0083
Қостанай	692 288	787	0,0529	0,0017	0,0107
Қызылорда	214 887	301	0,0114	0,0006	0,0016
Маңғыстау	515 715	945	0,0664	0,0011	0,0056
ОҚО	981 801	375	0,0176	0,0011	0,0058
Павлодар	757 010	1 013	0,0722	0,0018	0,0115
СҚО	329 551	565	0,0339	0,0012	0,0064
ШҚО	1 096 241	786	0,0528	0,0016	0,0100
Астана қ.	2 416 192	3 252	0,2635	0,0034	0,0249
Алматы қ.	17 219 818	11 873	1,0000	0,1220	1,0000

1-суретте бейнеленгендей, 2011 жылы Республикалық жинақтау деңгейінің индексі – 0,0749 болған. Өңірлерде, жинақтау деңгейі индексінің

мәндерінен көретініміздей, Алматы (1,0) мен Астана (0,1442) қалаларында жоғары, қалған облыстарда өте төмен болған. Әсіресе, Алматы (0,0), Жамбыл (0,0061), Қызылорда (0,0065) облыстарында 2011 жылы жинақтау деңгейі өте төмен қалыптасқан.



Сурет 1 – Өңірлердегі 2011 жылғы жинақтау деңгейлері

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Жанат, М., Жумаксанова, К. М.** Халықтың тұрмыс деңгейі: түсінігі және факторларының топтамасы. // Вестник КазНУ. Экономическая серия. – 2014. – № 4 (104). – С. 40-45. ЭОЖ 330.59.

2 **Zhanat, M.** Methodology of determining the level of living. // Life Science Journal. – 2013. – № 10 (8s). – P. 431-441.

3 Банктердегі ағымдағы шоттар, аймақ кесіндісінде, 01.01.2012ж. Депозит нарығы. Ақша-кредит статистикасы. Статистика. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сайтынан. [Электрондық ресурс]. URL адресі: <http://www.nationalbank.kz/?docid=244>.

Материал 02.07.15 редакцияға түсті.

*М. Жанат*

### Анализ уровня сбережений населения в регионах

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова, г. Павлодар  
Материал поступил в редакцию 02.07.15.

*M. Zhanat*

### The analysis of the savings level of the population in regions

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar  
Material received on 02.07.15.

*В данной работе проведена исследовательская работа по определению и сравнению уровня сбережений в регионах Казахстана. Цель исследовательской работы – апробация авторской методологии определения уровня жизни населения в внутривосточном уровне исследований.*

*This article presents the definition and comparison of the savings level in regions of Kazakhstan. The purpose of research work – test the author's methodology for determining the level of living of the population in the intracountry level of researches.*

УДК 364.4-056.3

**Ф. П. Жилибаев<sup>1</sup>, Г. А. Чудинова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>докторант, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Астана; <sup>2</sup>к.п.н., доцент ВАК РК, профессор, Восточно-Казахстанский региональный университет, Усть-Каменогорский филиал МЭСИ, г. Усть-Каменогорск

## МОДЕЛИРОВАНИЕ УПРАВЛЕНИЯ ТРАНСФОРМАЦИЕЙ ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАСЕЛЕНИЯ СЕЛЬСКОГО СОЦИУМА КАЗАХСТАНА (НА ПРИМЕРЕ ВОСТОЧНОГО РЕГИОНА)

*Трансформация жизнедеятельности населения сельского социума Казахстана вызвала необходимость разработки верификативной модели управления трансформации жизнедеятельности населения сельского социума. Предлагаемая гипотетическая модель «построена» на основе актуальных теоретико-методологических подходов к управлению с учетом факторов трансформации жизнедеятельности населения сельского социума, миссии и социального заказа государства и общества, потребностей населения сельского социума, объективных и субъективных условий продуктивного демократического управления, критериев и показателей эффективности трансформации жизнедеятельности населения сельского социума Казахстана (на примере восточного региона).*

*Ключевые слова: трансформация жизнедеятельности населения сельского социума, демократическое управление, моделирование управления, система демократического управления, «расширенное»*

*социальная работа, социальный заказ государства и общества, факторы продуктивной трансформации жизнедеятельности населения сельского социума, верификативная модель управления трансформацией жизнедеятельности населения сельского социума.*

Современная трансформация жизнедеятельности населения сельского социума Казахстана потребовала разработки структурно - функциональной верификативной модели управления сельским социумом в восточном регионе Казахстана.

В целях разработки искомой модели необходимо было обеспечить исследование наличного доминирующего стиля управления сельским сообществом как генерального условия демократизации управленческого процесса и приоритетного фактора трансформации жизнедеятельности населения сельского социума восточного региона Казахстана [1].

Использованная нами методика Р. С. Немова по диагностике (оценке стиля руководства сельским сообществом при принятии решений) достаточно валидная (надежная) и включает 25 суждений (репрезентирующих, т.е. представляющих 5 различных способов принятия решений), которые представляли достаточно детальную характеристику трех основных стилей руководства сельским социумом и 5 их подвидов:

-единоличный без предварительных консультаций с подчиненными и последующего их информирования о сущности и основаниях принятого решения (директивный стиль);

-единоличный с последующим информированием подчиненных о сущности и основаниях принятого решения (директивно-коллегиальный стиль);

- принятие решений совместно с подчиненными (коллегиальный стиль);

- принятие решений совместно с подчиненными, когда голос руководителя имеет такой же вес, как и голос любого другого члена коллектива (коллегиально-либеральный стиль);

- полное делегирование руководителем функций принятия решений своим подчиненным (либеральный стиль). Каждый из перечисленных способов принятия решений был представлен в методике пятью специальными суждениями, описывающими формы соответствующего поведения руководителя [2].

Стиль принятия решений руководителем сельской инфраструктуры оценивался самим руководителем, а также членами сельского сообщества. Если соответствующая особенность поведения у руководителя присутствовала, давалась оценка «да», если отсутствовала – «нет». В случае сомнений выбиралась оценка – «не знаю». Ответы соответственно оценивались в 2 балла («да»), 1 балл («не знаю») или 0 баллов («нет»). Установлено, что директивный стиль присутствует у 21 из

37 обследованных респондентов, либеральный – у 8, а у 9 управленцев - демократический. (Опрошено 37 управленцев и 779 представителей сельских сообществ Уланского, Акжарского и Тарбагатайского районов Восточно-Казахстанской области).

Исследование уровня развития отношений в сельских сообществах показало, что 17 из 37 исследованных первичных коллективов сел достигли достаточно высокого уровня развития, 10 оказались на низком уровне развития, и 10 заняли промежуточное место [3].

Руководители высокоразвитых коллективов считают, что они в своей практике чаще всего пользуются директивно-коллегиальным методом (37,8%) или коллегиальным (36,8%), столь значимыми для демократизации управления. По их мнению, на чисто директивный стиль принятия решений в совокупности с директивно-коллегиальным у них приходится 46,4 %, т.е. почти половина всех принимаемых решений. Руководители же относительно слабо развитых сообществ полагают, что в своей практике они чаще всего применяют чисто коллегиальный способ принятия решений (48,6 %) и довольно редко обращаются к директивно-коллегиальному (14 %), никогда не пользуясь чисто директивным принятием решений.

Результаты отчетливо показывают, что руководители сельских коллективов более высокого уровня развития, в действительности, считают себя более авторитарными, чем руководители слабо развитых коллективов. Этот вывод подтверждается сравнительным анализом ответов, относящихся к правой половине кривой полигона распределения (рис. 1).

А. Реальный стиль принятия решений



Б. Предпочитаемый стиль принятия решений





Рисунок 1 – Оценка руководителей сельских сообществ (сплошная линия – высокого уровня, пунктирная - низкого) стилей принятия решений : 1–директивный, 2-директивно-коллегиальный, 3-коллегиальный, 4-коллегиально-либеральный, 5-либеральный (то же эти цифры обозначают на последующих рисунках)

Следовательно, члены высокоразвитых сельских сообществ более единодушны и консолидированы в оценке деятельности руководителей и существенно удовлетворены преимуществами демократического стиля с элементами ситуационного применения директивного стиля управления.

При разработке модели управления трансформацией жизнедеятельности населения сельского социума в восточном регионе Казахстана нами изучены модели развития сельских регионов в ряде зарубежных стран (Германия, Великобритания, Швеция, Япония, США).


На основе выявленных проблем функционирования системы управления в сельском социуме, обобщения теоретических положений и данных изучения передовой практики сельских регионов ВКО, гипотетическая верификативная (проверенная на практике) модель демократического управления, отражает следующие структурные компоненты (см. рис. 2): миссия государства и общества, социальный заказ государства и общества, социальный заказ сельского социума, факторы повышения качества жизни сельского населения, компоненты качества жизни, ресурсы, государственный институты, потребности и нужды сельского населения установлены доминанты и критерии продуктивного управления (объективные и субъективные) и показатели результативности управления сельским социумом.

С учетом социально-экономических «вызовов» и адекватных теоретико-методологических подходов в представляемой гипотетической модели акцентированы:

- право выбора сельским населением, разнопрофильных форм собственности, приоритетных экстенсивных и интенсивных направлений социально-экономического развития и самообеспечения сельского социума,
- создание комплексных программ развития многотипного сельского хозяйства,

- разработка концепции горных районов, туризма,
- обеспечение функционирования системы реального местного самоуправления посредством учета психологии сельского населения и информационного фактора,
- внедрение эффективных способов трансформации жизнедеятельности населения, актуализировав их множественность в условиях восточного региона Казахстана [4].

Целесообразность разработки искомых моделей вызвана тем, что анализ динамики развития основных сфер жизнедеятельности населения сельского социума Восточно-Казахстанской области препарировал в восточном регионе Казахстана общую тенденцию разбалансированности отраслей социальной сферы сельских регионов, вместе с тем, и некоторые тенденции позитивного их развития, что послужило основанием для моделирования представленных моделей.






Рисунок 2 – Целостная модель демократического управления трансформацией жизнедеятельности населения сельского социума восточного региона Казахстана

Исходя из модели, в качестве главных проблем, которые вызвали необходимость искомой трансформации, следует отметить значимость внедрения следующей системы мер:

- непривлекательность в сфере рынка труда села и «производимой» им продукции,
- неспособность управленцев осуществить выбор приоритетных направлений развития села в силу недостаточной их компетентности и отсутствия у значительной части управленцев специальной и адекватной подготовки по организации искомой трансформации,
- сложное и замедленное становление фермерства,
- расслоение населения,
- низкое качество медицинского обслуживания,
- недостаточная адекватность востребованного на селе образования у сельских специалистов и нехватка квалифицированных кадров,
- слабая обеспеченность учреждениями, туризма, культуры и спорта,
3 **Абдрахманов, С. З.** Субъект коррупционных преступлений (уголовно-правовые и криминологические аспекты): Автореф. канд. юрид. наук. – Караганда, 2002. – 11 с.

4 См.: **Ожегов, С. И. и Шведова, Н. Ю.** Толковый словарь русского языка // Российская АН. Институт русского языка им. В. В. Виноградова. – М. : Азбуковник, 1997. – С. 298.

5 См.: Политология: Словарь-справочник / М. А. Василик, М. С. Вершинин и др. М. : Гардарики, 2001. – С. 124.

6 **Минаков, П. А.** Публичная власть и коррупция // Право и политика, 2007. – № 3. – С. 15.

7 См.: **Латов, Ю. В., Ковалев, С. Н.** Теневая экономика: Учебное пособие для вузов. – М. : Норма, 2006. – С. 58, такие же мысли высказывают

Попов Ю. Н., Тарасов М. Е. Теневая экономика в системе рыночного хозяйства: Учебник. – М. : Дело, 2005. – С. 76.

8 **Агыбаев, А.** Отчет по теме фундаментального исследования: «Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с коррупцией». Материалы науч.- практ. конференции. – Алматы, 2002. – С. 3-4.

Материал поступил в редакцию 02.07.15.

*Л. С. Дубовицкая, О. Б. Дубовицкая*

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің құқықтық тетігінің көкейкесті мәселелері**

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,  
Павлодар қ.

Материал 02.07.15 редакцияға түсті.

*L. S. Dubovitskaya, O. B. Dubovitskaya*

**Pressing questions of legal mechanism of counteraction to corruption**

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 02.07.15.

*Аталған ғылыми жұмыста жемқорлықтың алдын-алу мәселелерін жетілдіру және оны құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тәжірибесінде қолдану тиімділігін арттыру жолдары теориялық тұрғыдан қарастырылған. Сондай-ақ жемқорлықпен күрес және оның алдын-алу шараларын жаңғырту бойынша ұсыныс сипатындағы тұжырымдарды жасау және заңдарға енгізу мәселелері қарастырылған.*

*The aim of the research is decision of the most important theoretical and practical problems, arising from the conceptual directions of the fight against corruption and misconduct of duties; systematization of the modern theoretical views and ideas related to anti-corruption activities, as well as development on this basis of evidence-based ways and means to further improve the anti-corruption activities.*



## Н. Дюсебаев

магистрант, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Сот төрелігі институты, Астана қ.

### **ЖАЛҒАН КӘСІПКЕРЛІК МЫСАЛЫНДА КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАҒИДАТТАРЫН БҰЗАТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ**

*Аталмыш мақалада жалған кәсіпкерлік мысалында кәсіпкерлік қызметті жүргізудің қағидаттарын бұзатын қылмыстарды қылмыстық-құқықтық реттеудің шетелдік тәжірибесі АҚШ, Ұлы Британия, Франция, Германия, Швеция, Жапония сынды елдердің тәжірибесінде қарастырылған.*

*Сонымен қатар 2014 жылы өзгерістер енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі жалған кәсіпкерлікпен байланысты қылмыстарға қатысты баптарға талдау жасалынған.*

*Кілтті сөздер: жалған кәсіпкерлік, қылмыс, қағидат, қылмыстық-құқықтық реттеу, шетелдік тәжірибе, қылмыстық баптар.*

Экономикалық қылмыстармен күрес мәселесі тек отандық құқықтанушылар үшін өзекті ғана емес, сонымен қатар шет мемлекеттер тәжірибесі мен заңнамасы үшін аса өзекті.

Оның қызметінің жағымсыз салдарын азайтумен сипатталатын экономикалық қылмыстармен күрес, ұлттық экономика үшін кешенді тәсілмен қарау керектігін дәлелдейді, ол өзіне экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық-басқарушылық, қылмыстық-құқықтық (салмақталған қылмыстық саясат пен қолайлы қылмыстық заңнамамен анықталатын), әкімшілік-құқықтық, жедел іздестіру, идеологиялық және халықаралық шараларды біріктіруі керек [1].

Экономикадағы әкімшілік-жетекшілік әдістерден еркін нарыққа қазіргі таңда өту бірқатар қылмыстар құрамын қылмыссыздандыру (алыпсатарлық, жеке кәсіпкерлік қызмет) және экономикалық қарым-қатынастарды қылмыстандырумен (кенес дәуіріндегі Қазақстанның бұрынғы қылмыстық заңнамасы үшін тіптен таныс емес жаңа қылмыстық-құқықтық деликттердің пайда болуы) бірге жүргізіліп отыр. Б. В. Волженкин дұрыс атап өткендей: «Әрбір елдің заңнамасы экономикалық және әлеуметтік дамудың нақты ерекшеліктерін, қылмыстардың сипаттамаларын, тарихи тәжірибені және

дәстүрлерді, сонымен бірге, құқықтық дәстүрлерді, ұлттық психологияның және т.б. ерекшеліктерін ескеруі қажет» [2].

Кәсіпкерлік қызметті жүргізудің ережелері мен қағидаттарын бұзатын қылмыстардың жіктелімін қарастырайық.

Қазақстандық құқықтанушы Қ. И. Оспанов кәсіпкерлік қызметті жүргізудің келесі қағидаттарын атайды:

Кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі;

Кәсіпкерлік қызметте қолданылатын түрлі меншік формаларының заң алдында теңдегі;

Бәсекелестіктің және монополиялық қызметтің еркіндігі;

Кәсіпкерлік қызметтің мақсаты ретінде пайда алу;

Кәсіпкерлік қызметтегі заңдылық;

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттің реттеуі [3].

Кәсіпкерлік қызметті және басқа да экономикалық қызметті жүзеге асырудың бекітілген жалпы қағидаттарын бұзатын қылмыстарға Б. В. Волженкин жіктелімі бойынша келесілер жатады:

Заңсыз кәсіпкерлік;

Заңсыз банктік қызмет;

Жалған кәсіпкерлік;

Заңсыз жолмен табылған ақшалай қаражатты немесе басқа мүлікті заңдастыру (ізін жасыру).

Экономикалық қылмыстар жөніндегі Еуропа Кеңесі мамандары тобымен келесі құқыққа қайшы істер бекітілді: «монополиялық қылмыстар; ұйымдардың алаяқтығы; сенімді теріс пайдалану, параға сатып алу; сандық айла-амал; жалған ұйымдар; бухгалтерлік құжаттарды бұрмалау; экономикалық талаптар мен стандарттарды бұзу; тауарларды сипаттаудағы қасақана олқылық; бәсекелестіктегі опасыздық; қаржылық бұзушылықтар; әлеуметтік қажеттіліктер үшін салықтан жалтару; кедендік бұзушылықтар; валюталық айла-амал; биржалық және банктік бұзушылықтар; қоршаған ортаға зиян келтіретін бұзушылықтар; ақшаның ізін жасырудың түрлі әдістері» [4].

Аталмыш экономикалық қылмыстардың ішінде «жалған ұйымдар» және «ұйымдар алаяқтығы» әлеуметтік қауіп-қатері дәрежесі бойынша отандық жалған кәсіпкерлікпен ұқсас.

Жалған кәсіпкерлік мысалында ҚР экономикалық қылмыстарды қылмыстық-құқықтық реттеу ерекшеліктерін қарастырайық.

ҚР жаңа қылмыстық кодексінің 215-бабына сәйкес «жалған кәсіпкерлік, яғни кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз, кредиттерді заңсыз алу немесе салықтан босату немесе тыйым салынған қызметті жасыру немесе өзге де мүліктік пайда алу мақсатында немесе осындай әрекеттердің жасалуына жәрдемдесу мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектісін құру не

басқа заңды тұлғалардың олардың шешімдерін айқындау құқығын беретін акцияларын (қатысу үлестерін, пайларын) иемдену, сол сияқты оларға басшылық ету болып табылады» [6].

Жалған кәсіпкерлік екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не аталған мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады:

Мынадай:

1) бірнеше рет;  
2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;  
3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған дәл сол іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

4) басқа жеке (заңды) тұлғаның келісімінсіз оның құжаттарын, не жалған құжаттар пайдаланып жасалған дәл сол іс-әрекеттер - мүлкі тәркіленіп, ал 3) тармақта көзделген жағдайларда белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, үш мыңнан жеті мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзету жұмыстарына не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған немесе аса ірі залал келтірген іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып немесе онсыз, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстанның Заңнамасында жалған кәсіпкерліктің әлемдік тәжірибеде қайталанбас болып табылатын тұжырымдамасы бар. Ол құқық қорғаушы органдарға келесі жаза қолдануға мүмкіндік береді:

- Заңды тұлғаны немесе кәсіпкерді жалған кәсіпкерлік иесі деп жариялау, оның нәтижесінде компанияның тіркелуі және компания қатысқан барлық құқықтық қатынастар (яғни келісім-шарттар, соның ішінде заң аясында қызмет жасайтын салықтөлеушілермен де) күшін жояды;

- Корпоративтік табыс салығы үшін алынбаған, осындай ұйым жүзеге асырған сатып алу шығындарын сатып алушыларға жариялау, ал тиісті «кіріс-шығыс» ҚҚС сомаларын - есепке алудан шығарып тастау;

- Қылмыстық заңнамаға сәйкес осындай субъектіні құруға және басқаруға қатысқан тұлғаларды қудалау.

АҚШ, Ұлы Британия, Франция, Германия, Швеция, Жапония елдерінің қылмыстық заңнамасын салыстырмалы талдау аталмыш елдерде жалған

кәсіпкерлік үшін жауапкершілік қарастырылған арнайы норманың жоқтығын көрсетеді. Алаяқтық пен сенімді теріс пайдалану үшін жауапкершілікті реттейтін бірқатар нормаларда аталмыш қылмыс түрлері үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бізге аян болғандай, кейбір шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамасы кодтандырылған, сәйкес қылмыстық-құқықтық нормаларды басқа актілерде, мысалы, экономикалық заңнамада, табуға болады [2].

Экономикалық қызметті реттейтін шетелдік заңнама АҚШ-та корпоративтік құқықтың, Жапонияда шаруашылық, шаруашылық-қылмыстық құқықтың, Францияда экономикалық құқықтың, Ұлы Британия мен Германияда акционерлік құқықтың бар екендігін жеткілікті кең көрсетеді.

Жоғарыда аталған заңнамаға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалар мен ұйымдар қызметін тіркеуге алу және лицензиялау жүзеге асырылады, сонымен қатар олармен реттелетін нормаларды бұзған жағдайда жауапкершілік тағайындалады. Экономикалық қызмет саласын реттейтін шетелдік заңнамаларда «заңды жауапкершіліктің кең шоғырын ұсынатын және түрлі органдармен қабылданатын түрлі нормативтік актілермен қарастырылған әкімшілік, қылмыстық, кәсіпкерлік, азаматтық құқықтық нормалар өзара тығыз араласып кеткен» [7].

Алдын-ала бақылауға сүйене отырып, ҚР ҚК қарастырылған жазалар халықаралық тәжірибелермен салыстырғанда айтарлықтай қатал емес (мысалы салыстырғанда, Сингапурда төленбеген салық сомасына міндетті айыппұл 300%-400% және қосымша айыппұл 50 000 сингапурлық долларға дейін жетеді, сонымен қатар бас бостандығынан айыру да мүмкін). Бұл құқыққа қайшы істі жүзеге асырғаннан түсетін пайда кей жағдайларда ғана нақты болатын жазадан асуы мүмкін дегенді білдіреді.

Қазақстандық «жалған кәсіпкерлік» түсінігінің аналогы болып шет мемлекеттерде «fraudulent trading» табылады, яғни «кәсіпорынның контрагенттерін немесе басқа да үшінші тұлғаның контрагенттерін яки алаяқтық мақсатта кәсіпорын құру және кәсіпкерлік қызмет жүргізу жағдайы» деп анықталуы мүмкін «корпоративтік алаяқтық» немесе бизнесті жүргізудегі алаяқтық.

Әлемдегі жалған кәсіпкерлік концепциясы түрлі жолдармен реттеледі, дей тұрғанмен, маңызды фактор болып құқық қорғау органдарының олардың құқықтық жүйесінде қарастырылған салықтан жалтару және салықтық алаяқтықпен күрес жүргізу үшін тиімді құралдарының бар болуы табылады.

Ұлы Британияда 2006 жылы қабылданған алаяқтық туралы заң алаяқтықты қылмыстық іс ретінде анықтайды және оның үш түрін көрсетеді: адастыру арқылы алаяқтық, ақпаратты жасыру арқылы алаяқтық және өкілеттілікті теріс пайдалану арқылы алаяқтық. Сонымен қатар ол алаяқтықтың басқа да түрлеріне жаза бекітеді.

Ұлы Британиядағы қылмыстық сот төрелігі туралы заңдар (қоғамдық тәртіпте де) соттардың құзыретін, сот істерін жүргізу тәртібін, айыппұл мөлшерін, сонымен қатар сот төрелігін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да тәртіптерді бекітеді. Осыған қарамастан, 1987 жылғы заң аса ірі көлемдегі алаяқтық жөніндегі Бас Прокурорға есеп беретін Бюро (Serious Fraud Office) құру үшін негіз болып табылады.

1987 жылғы қылмыстық сот төрелігі туралы Заңға сәйкес аса ірі көлемдегі алаяқтық жөніндегі Бюро директоры ірі алаяқтық немесе күрделі алаяқтық схемасы туралы куә болатын кез келген фактілерді тергеу жөнінде құзыреті бар. Тергеу нәтижесі бойынша Бюро директоры құжаттарды сотқа жібереді, оның шешімімен кәсіпорын алаяқтық деп танылып және кейіннен жабылуы мүмкін [8].

АҚШ-та «жалған кәсіпкерлік» тікелей түсінігі, Нью-Йорк штатының заңнамасына бірдей, мүлдем қарастырылмаған. Аса жақын концепция ретінде «алаяқтықты», сонымен қатар жеке қылмыстарды құрайтын салықтан жалтаруды атап айтуға болады.

АҚШ-та құқық бұзушылықтар екі түрге бөлінеді, олар әкімшілік құқық бұзушылықтарға (misdemeanors) және қылмыстық істерге (felonies) жақын болып келеді. Федералдық заңнамаға сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылықтар бір жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады және үш дәрежеге бөлінеді (А,В,С). Қылмыстық істер ауырлығына байланысты бес дәрежеге бөлінеді және әдетте кем дегенде бір жыл федералдық түрмеде бас бостандығынан айырылады [9].

Біздің пікірімізше, жалған кәсіпкерлікке шетелде қолданылатын концептуалдық көзқарастың жағымды да жағымсыз да жақтарын қарастыру керек.

Жалған кәсіпкерлікпен күресте бес тәсілі қолданылады:

- Компания тіркелуін жарамсыз деп тану және оның барлық келісім-шарттарын жарамсыз деп табу;
- Құқық бұзушы-компанияларды тарату;
- Салық салудан жалтаруды болдырмауға бағытталған салықтық заңнамалардың жалпы қағидаттары мен тәртіптері негізінде салықтық пайданы ұсынудан бас тарту;
- Құқық бұзу туралы ақпараттандыру;
- Жазаларды қолдану.

Біздің түсінігімізше, қазіргі таңда Қазақстан бірінші тәсілді қолдануға күш салып отыр, ол екінші, үшінші және төртінші тәсіл сынды халықаралық тәжірибеде айтарлықтай кең қолданылмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Городецкий, А. Е.** О новых теоретических подходах и практике противодействия организованной экономической преступности //

Актуальные проблемы борьбы с организованной преступностью в сфере экономики: материалы Международной научно-практической конференции. - г. Москва. - 17 декабря 2009 года / под ред. А. Г. Хабибулина. М. : Академия экономической безопасности МВД России, 2010. - 524 с.

2 **Волженкин, Б. В.** Преступления в сфере экономической деятельности (экономические преступления). - СПб. : Изд-во «Юридический центр Пресс», 2002. - 641 с.

3 **Оспанов, Қ. И.** Құқық негіздері. Оқу құралы / Қ.И. Оспанов. - Алматы: Жеті жарғы, 2010. - 304 б.

4 **Волженкин, Б. В.** Экономические преступления. - СПб. : Издательство «Юридический центр Пресс», 1999. - 312 с.

5 **Тленчиева, Г. Д.** и др. Проблемы борьбы с экономической преступностью в Казахстане. - Алматы: Жеті-Жарғы, - 187 с.

6 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2014.07.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz>.

7 **Аистова, Л. С.** Незаконное предпринимательство. СПб. : Издательство «Юридический центр Пресс», 2002. - 283с.

8 <http://citywire.co.uk/money/tax-evasion-costs-treasury-15-times-more-than-benefit-fraud/a378274>.

9 <http://www.law.cornell.edu/uscode/text/18/3559>.

Материал 02.07.15 редакцияға түсті.

*Н. Дюсебаев*

**Зарубежный опыт уголовно – правового регулирования преступлений, нарушающих принципы ведения предпринимательской деятельности на примере лжепредпринимательства**

институт Правосудия академии Государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Астана  
Материал поступил в редакцию 02.07.15.

*N. Dyussebayev*

**The international experience of criminal-legal regulation of crimes that violate the principles of doing business on the example of pseudo-entrepreneurship**

Institute of Justice at the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana.  
Material received on 02.07.15.

*В данной статье рассматривается зарубежный опыт уголовно - правового регулирования преступлений, нарушающих*

*принципы ведения предпринимательской деятельности на примере лжепредпринимательства на опыте стран как США, Великобритания, Франция, Германия, Швеция, Япония.*

*Кроме того, сделан анализ статей касательно преступлений связанных с лжепредпринимательством в измененном Уголовном кодексе Республики Казахстан от 2014 года.*

*This article examines the international experience of criminal-legal regulation of crimes that violate the principles of doing business on the example of pseudo-entrepreneurship on the experience of countries like USA, UK, France, Germany, Sweden, Japan.*

*In addition, the article gives an analysis of crime related to pseudo-entrepreneurship in the redesigned Criminal Code of the Republic of Kazakhstan of 2014.*

ӘОЖ 342 (574)

**Н. А. Кадралиева, А. Я. Мусаева, С. С. Суркова**

М. Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университеті, Тараз қ.

## **ҚАЗІРГІ ТАҢДА НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРДІ ЖҮЙЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу - ықшамдау, ретке келтіру, оны бірыңғай ішкі үйлесімді жүйеге түсіру дегенді білдіреді. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеу құқықтық реттеуді одан әрі дамыту және жетілдіру, қоғамдық өмірдің қозғалысын, өзекті қажеттіліктерін оңтайлы да тиімді бейнелеу үшін керек. Заңдар мен өзге де актілердің түрлі ыңғайдағы жиынтықтарын, жинақтарын әзірлеу мен басып шығару әдістері берілген.*

*Ключевые слова: әдіс, жүйелеу, нормативтік-құқықтық актілер, заң.*

Нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу - ықшамдау, ретке келтіру, оны бірыңғай ішкі үйлесімді жүйеге түсіру дегенді білдіреді. Бұл орайда жүйелеу кезінде қолданылып жүрген қалыптарды ретке келтіру (күші жойылған жекелеген баптарды, тармақтарды, тармақшаларды, абзацтарды мәтіннен алып тастау және керісінше, оған кейінгі барлық өзгерісті, толықтыруды, осындай өзгерістер немесе толықтырулар енгізген актілер деректерін көрсете отырып енгізу; актіден қалыптық нұсқаулар жоқ бөліктерді алып тастау, мәтінінде мұндай бөліктердің болмау себептері туралы белгілер

жасау; қалыпты актіге қол қойған адамдар туралы мәліметтерді алып тастау, қолданылып жүрген актілерді заңдардың салалары бойынша болу ғана емес, заңдарды жаңарту (түрлі кодекстер, ережелер, жарғылар және т.б. жасау). Заңдарды жүйелеуді реттестіру, яғни заңдарды белгілі бір ретке келтіруге, қалыпты актілердің мазмұнын өзгертпей жиынтықтар мен жинақтар шығаруға және қолданылып жүрген құқық қалыбын белгілі бір мәселе бойынша тиісінше қайта қараумен байланысты қалыпты материалды тәртіптеуге, яғни кодификацияға бөлу заң әдебиетінде кеңінен мәлім әрі сырт кейпінде де қолданылып жүрген қалыпты реттеуді жинақтастырушы, сондай-ақ белгілі бір өзгерістерді, яғни өзгерістер енгізілген қағидатты сипаттағы жаңа қалыпты актілерді басып шығаруды білдіреді.

Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеу құқықтық реттеуді одан әрі дамыту және жетілдіру, қоғамдық өмірдің қозғалысын, өзекті қажеттіліктерін оңтайлы да тиімді бейнелеу үшін керек. Қалыпты құқықтық актілерді іздеудің оңайлылығына, олармен халықтың қалың бұқарасының, қоғамдық белсенділердің таныс болуына қол жеткізуде, жұртшылықтың құқықтық санасын өрістетуде, азаматтардың өз конституциялық құқықтарын пайдалануын және заңдық міндеттерін тиісінше орындауын, мемлекеттік аппараттың қызметін ойдағыдай қамтамасыз етуде, сондай-ақ қалыпты құқықтық актілерді есепке алу үшін жүйелеудің маңызы зор. Сөйтіп, қалыпты құқықтық актілерді жүйелеу демократияны дамыту мен жетілдіруге, заңдылықты, мемлекеттік және қоғамдық өмірді нығайтуға ықпал етеді.

Қазіргі құқық тәжірибесінде қалыпты құқықтық актілерді жүйелеудің төрт тәсілі қолданылады:

Заңдар мен өзге де актілердің түрлі ыңғайдағы жиынтықтарын, жинақтарын әзірлеу мен басып шығару (инкорпорация). Әдебиетте кездесетін ин корпорация ұғымын қорыта келе оның мынадай аса маңызды белгілерін тұжырымдауға болады:

- 1) жүйелеу түрлерінің бірі ретінде инкорпорацияның белгісі – қалыпты құқықтық актілерді тәртіпке келтіру болып табылады;
- 2) инкорпорация дегеніміз – қалыпты құқықтық актілерді әлдебір жүйе бойынша заң шығарушының жариялаған мәліметтері;
- 3) мұндай актілердің мазмұнындағы өзгерістердің көрсетілмеуі;
- 4) актілерге сыртқы редакциялық-техникалық өңдеу жүргізу: барлық соңғы шыққан актілерге өзгерістерді енгізу, лауазымды адамдардың қойған қолдарын алып тастау, күші жойылған деп танылған қалыпты емес, уақытша бөліктерді алып тастау және т.б.

Заңдарды инкорпорациялаудың ең қарапайым мысалы қолданылып жүрген акт мәтініне барлық кейінгі ресми өзгерістерін енгізіп, оны жаңа өзгертілген нұсқасында жариялау болып табылады.

Егер акт жаңа нұсқасында ресми басылымдарда жарияланатын болса, онда бұл әдіс қалыпты актілерді қайта жариялау деп аталады.

Белгілі бір ірі қалыпты құжаттарды немесе бүкіл заңдарды тұтастай өңдеп инкорпорациялау әлдеқайда терең әрі құқық қолдану тәжірибесінде мейлінше тиімді болып табылады. Мұндай инкорпорациялау қызметінің нәтижесінде пәндік, салалық, ведомстволық немесе өзге де қағидат бойынша заңдардың, басқа қалыпты құқықтық актілердің түрлі жинақтары мен жиынтықтары жасалады.

Сөйтіп, қалыпты құқықтық актіні жинаққа, жиынтыққа кіргізбес бұрын оны өңдеп алу қажет:

- күші жойылған жекелеген баптарды, тармақтарды, тармақшаларды, абзацтарды мәтіннен алып тастау керек және керісінше, кейінгі барлық өзгерістерді, толықтыруларды енгізген актілердің дерегін көрсете отырып, қосу қажет;

- актіден қалыпты нұсқаулары жоқ бөліктерін алып тас тап, мәтінде осы бөліктердің алыну себептері туралы ескертпе жасау керек;

- қалыпты актіге қол қойған адамдар туралы мәліметтер алынып қалады. қалыпты-құқықтық актілерді былайша сырттай өңдеу олардың қалыптық мазмұнын қозғамайды. құқық қалыптары ешқандай өзгертілмей, осы жүйелеу кезінде қандай күйде қолданыста болса, сол қалпында инкорпорацияланады. Бұл ретте қалыпты-құқықтық актілердің деректері, тармақтарының нөмірлері, абзацтары және Т.б. толық сақталады.

Оның нақ осы белгісі – актінің қалыптық мазмұнының өзгермей сақталуы - жүйелеудің әлдеқайда жетілген түрі ретінде инкорпорацияның консолидациядан (топтастырудан), кодификациядан (сұрыптаудан) және актілерді есепке алудан негізгі ерекшелігін білдіреді.

Заңдардың инкорпорациялануын сипаттаған кезде, әдетте, оның жалпы және жеке (материалдық көлемі бойынша); хронологиялық (тізбектік) және жүйелік (жүйелеу тәсілі бойынша); республикалық және ведомстволық (пән бойынша) ресми, жартылай ресми (официозный) және бейресми (заңдық табиғаты бойынша) болып бөлінеді.

Заңдарды жүйелеудің екінші түрі – кодификациялау (сұрыптау), өзінің кең ұғымында заңдарды жетілдірудің және тәртіпке келтірудің үлгілі әрі мейлінше тиімді нысанын білдіреді. Ол қоғамдық қатынастардың айтарлықтай ауқымды саласын реттеуші және әдетте, құқықтың белгілі бір саласын, қосалқы саласын, жеке құқық тұтқасын құрайтын қолданыстағы күллі қалыпты материалды терең де жан-жақты талдау және қайта қарау негізінде жүзеге асырылады. Жүргізілген талдау нәтижесіне сүйене отырып, заң шығарушы ғылыми өлшемдердің негізінде қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу қажеттілігіне қарай болашақ сұрыптаушы актінің тақырыбын айқындайды, уақыт тезінен өтіп, өзінің мәнін сақтап қал-

ған қолданыстағы қалыптық нұсқауларды тандап алады, сөйтіп, оларды сұрыптаушы актінің жобасына енгізеді, ескірген қалыптық ережелер мен әлдебір түзетулерді қажет ететін ережелерді анықтайды, қоғамдық өмірдің дамуындағы ағымдарды бейнелейтін жаңа нұсқауларды әзірлейді. Сонымен, дамыған құқықтық жүйеде сұрыптаушы акт, әдетте, тиісті мәселе бойынша барлық негізгі ережелерді өз бойына табиғи жинақта ған, оларды белгілі тәртіпке жүйелеген жиынтық акт болып табылады. Ол сонымен қатар, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге белгілі бір, кейде айтарлықтай елеулі өзгерістер және тың, ерекше ережелер де енгізеді, қолданылып жүрген заңдардың сапалы өңделген қорытпасына айналады. Сұрыптаушы актіні тиісті заң шығарушы орган бекітеді және бұл тұрғыда сұрыптау құқықты туындатудың негізгі нысандарының бірі болып табылады.

Сұрыптаушылық қызмет барысында жаңа құжатты бекітумен қатар, әдетте, сұрыпталған актіні қабылдаумен байланысты бұрын қолданылып келген қалыпты актілер және олардың іс жүзінде күші жойылмаған бөліктері күшін жоюға ұсынылады. Сондай-ақ егер жаңа сұрыпталған актінің қабылдануына орай белгілі бір түзетулер жасау қажеттігі туындаса, қолданылып жүрген актілерге енгізілетін өзгерістер әзірленеді. Сөйтіп, заңдарды ескірген, уақыт талабынан қалған, тиімділігі аз актілерден тазарту мәселесі шешіледі.

Құқықтық реттеуде тұжырымдаушы бола отырып, сұрыптау сонымен қатар қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тәжірибесінде қоғамның соңғы қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатын да көздейді. Басқаша айтқанда, сұрыптау - белгілі бір қолданылып жүрген қалыптарды бекіту және оларды жүйелеу ғана емес, сонымен қатар жаңа құқықтық нұсқауларды әзірлеу, заңдардың мәтіндерін жетілдіру болып табылады. Сұрыптаудың нақ осы қасиеті оны құқықшығармашылық қызметтің мейлінше жетілген түрлерінің бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сұрыптауды, әдетте, жүйелеу және ең бастысы – заң актілерін жетілдірумен байланыстырылады. Сондықтан оның нәтижелері тек өзіне тән ерекше қасиеттермен сипатталатын негізгі әрі мейлінше заң күші бар сұрыпталған акт түрінде көрінеді. Бұдан шығатын қорытынды, сұрыпталған актіде айтарлықтай ұзақ уақыт кезеңіне (белгілі бір болашаққа) арналған тұрақты қалыптар болуы тиіс. Сұрыпталған акт әрекетінің тиімділігі көп ретте сол қоғамдық қатынастар дамуының ағымын, оның қозғалысын заң шығарушы қаншалықты дәл ескертетініне байланысты болады.

Сұрыптаушы акт салыстырмалы алғанда дербес қалыпты нұсқауларды біркелкі түзілген жүйеге келтіре отырып, әдетте, қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласын реттеуді жанартады. Оның бойында жаңалық сипаты міндетті түрде болады, өйткені сұрыптау кезінде қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің белгілі бір аясына жаңа бөлшектер енгізіледі, заңдардағы

бос кеңістіктің, ақаулардың орны толтырылады. Сұрыптаушы акт жекелей алғанда ірілендірілген (топтастырылған) актіден осылай ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының құқық шығарушы органдары қабылдайтын сұрыпталған актілер қолданылып жүрген заңдардың негізін құрайды, бірақ ағымдық көлемі бойынша шағын заңдардың және өзге де қалыпты құқықтық актілердің кең шеңберін қабылдауға тосқауыл болмайды [8, с.87].

Заңдарды ретке келтірудің жоғарғы нысаны, оны жаппай сұрыптау болып табылады, тиісті мемлекет өкіметі жоғарғы органның (не өкімет пен басқарудың) барлық жаңартылған және белгілі бір ғылыми негізделген жүйе бойынша түзілген қалыпты нұсқауларын қамтыған сұрыптау жүргізу негізінде заңдардың барлық саласында бірыңғай кең ауқымды акт (оны көбіне «кодекстердің кодексі» немесе «кодекстер жиынтығы» деп те атайды) жасалады. Республика заңдары дамуының қазіргі кезеңінде сұрыптаудың мұндай нысанына әзірге қол жете қоймас, бірақ оны келешекте ескеру қажет, сонда заңдардың барлық саласында өңделген, жаңартылған әрі осы заманғы бүкіл талапқа сай келетін сұрыпталған актілеріміз болады. Осы орайда құқықшығармашылығы барысында, мемлекеттік буындардың құқық қолдану қызметінде және қолданылып жүрген қалыптарды нақты құқықтық қатынастарда іске асыруда қалыпты құқықтық актілерді жүйелеудің күллі ұтымды тәсілін пайдалану өзекті мәселе болып қала береді.

Жүйелеудің үшінші түрі – консолидация (топтастыру), яғни қалыпты актілердің көптігін бір ірілендірілген актіге біріктіру. Жаңа іріленген акт оған енген қалыпты актілерді ауыстырады, өйткені, құқық шығарушы орган оны жаңадан қабылдап отыр және өзінің ресми деректері: атауы, қабылданған күні, нөмірі әрі лауазымды адамның қолы бар. Былайша айтқанда, топтастыру мемлекеттік органдардың құқық шығару қызметінің бір түрін білдіреді.

Соған қарамастан, бұл құқық шығарудың өзгеше тәсілі.

Оның басты ерекшелігі – топтастыру кезінде қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің мазмұны өзгермейді. Бұрын қабылданған актілердің қалыпты нұсқаулары жаңа актіге өзгеріссіз біріктіріледі. Олар ең әрі кеткенде редакциялық жөндеуге түседі: қарама-қайшылықтары, қайталанулар, үздік-создықтығы жойылады, мазмұны ұқсас қалыпты нұсқаулар және Т.б. бір тармаққа жинақталады.

Топтастыру шаруашылықты басқару, салық салу, әкімшілік жауапкершілік мәселелері бойынша қалыпты актілерді тәртіпке келтіру мақсатында, бір сөзбен айтқанда, ондаған, жүздеген шашыранқы қалыпты нұсқауларды олардың мазмұнын өзгертпей біріктіруге болатын жердің бәрінде құқық шығару қызметінде пайдаланады.

Жүйелеудің төртінші түрі - қалыпты құқықтық актілерді есепке алу, яғни оларды жинау, сақтау және бақылау жағдайында ұстау, сондай-ак

есепке алынған құжаттар арасынан қажетті құқықтық ақпаратты табуды қамтамасыз ететін іздеу жүйесін жасауды білдіреді.

Есепке алудың негізгі міндеті құқықтық ақпараттарды жинау және қажеттісінен жедел іздеп табуға мүмкіндік беретін күйде ұстап тұру болып табылады. Есепке алуға болатын актілерді жинау түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Олардың едәуір бөлігін қалыпты құқықтық актілерді ресми жариялайтын жинақтардан алуға болады.

Есепке алынған қалыпты актілер жиыны ақпарат қорын құрайды, қалыпты актілер онда белгілі бір тәртіпте сақталады. Бірнеше жүздеген немесе мыңдаған актіден тұратын қор, әдетте, заң шығарушылық буындар бойынша бөлімдерге бөлінеді. Актілер бөлімдер ішінде мерзімдік ретпен орналасады. Картотека бірыңғай сыныптау негізінде жүргізіледі. Заңдар салалары бойынша сыныптау бөлімдеріне, бөлімдер бөлімшелерге, ал кейінгісі қажетіне қарай жекелеген тармақтарға бөлінген.

Қандай қалыпты актілер қолданыста екенін, оларға қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін білу үшін есепке алынған актілер мәтініне, кейінгі барлық өзгеріс пен толықтыру енгізіліп отырады, яғни олар бақыланған күйде ұсталып тұрады. Әлдебір мәселе (тақырып) бойынша қабылданған қалыпты құқықтық нұсқаманы тез тауып алу үшін ақпарат-іздеу жүйесі жасалады.

Іздеу мынадай түрде жүргізіледі:

1) құқықтық ақпаратқа туындаған қажеттілік қандай тақырыпты немесе қандай актілерді табуға жататыны жөнінде сұрақ түрінде рәсімделеді;

2) түскен сұрауға сай келетін әліпби-пән сөздігі немесе заңдар салаларының айдары бойынша тақырыптар тізбесі анықталады;

3) журнал бөлімдері немесе картотека айдарлары бойынша сұрау тақырыптарына сай келетін қалыптар бар қалыпты актілер анықталады;

4) берілген сұрауға сай келетін қалыптарды актілер мәтінінен оқу арқылы іріктеу жүзеге асырылады [9, с. 64].

Қазір басқару саласында осы заманғы техника, соның ішінде компьютер машиналары барған сайын кеңінен қолданылып жатқан кезде автоматты ақпарат іздеу жүйесін жасау үшін мол мүмкіншіліктер ашылуда. Қолмен іздеу жүйесінен автоматты іздеу жүйесінің артықшылығы – құқықтық ақпарат іздеуді айтарлықтай жетілдіреді және мемлекеттік буындар мен заңды тұлғалардың оған деген қажеттілігін мейлінше толық қанағаттандыруды қамтамасыз ете алады.

Қазіргі кезде Қазақстанда ведомстволық актілерді мемлекеттік тіркеу жолға қойылған. Мемлекеттік тіркеуге мынадай жағдайда тиісті ведомстволар өз актілерін жібере алады. Қалыпты актіге: 1) қалыпты актіні шығару негіздері (министрліктерді, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың құзыреті, жоғары органның шешімі, т.б. жағдайлар); 2) осы мәселе жөнінде бұдан

бұрын қабылданған қалыпты актілер туралы және оларды өзгерту туралы ұсыныстардың қабылдануы немесе мемлекеттік тіркеуге ұсынылған актінің қабылдануына байланысты күші жойылған деп тану туралы мәліметтер көрсетілген анықтама тіркеледі. Бұл жұмысты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қалыпты актілерді табыс еткен кезден бастап 30 күн ішінде жүзеге асырады. Егер қалыпты актіні қосымша зерделеу жүргізу және сарапшыларды тарту қажет болса ол тіркеу мерзімін ұзарта алады.

Қалыпты актіні тіркеуге мынадай жағдайда рұқсат берілмеуі мүмкін, егер ол:

- азаматтардың заңдарда белгіленген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе немесе оларға заңдарда көзделмеген міндеттерді жүктейтін болса;
- оны шығарған орган құзыретінің шегінен шығатын болса;
- мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттер және ведомстволармен келісілмеген болса, егер мұндай келісім міндетті түрде заңда айқындалып көрсетілсе. Тіркеуге рұқсат етілмеген қалыпты актілерді қазақстан Республикасының Әділет министрлігі оларды шығарған органға олардың заңға сәйкес келмейтіндігі туралы қорытындылармен бірге қайтарып береді. Бірақ бұл шешімге наразылық келтіріп, шағымдануларына болады.

Демек, есепке алуды құқықтық ақпаратқа өз қажеттілігін қанағаттандыру үшін не өзге субъектілерді құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін іс жүзінде барлық мемлекеттік буын мен заңды тұлғаға сату мақсаттарында жүзеге асырады.

Сонымен, жүйелеу – бұл нормативтік актілерді реттеу, оларды белгілі бір жүйеге келтіру. Ол заңнаманы қолдану ыңғайлылығын арттыру үшін, көпшілікке түсінікті болуын қамтамасыз ету үшін қажет.

Сайып келгенде, нормативтік құқықтық актілерді жүйелеудің ерекшеліктері мынада:

1) әр мерзімде қолданыста жүрген актілерді бір-бірімен салыстыру және оларды талдау;

2) құқық нормаларының мазмұнындағы қарама-қайшылықты, құқықтағы ағаттылықты, бір мәселелерге арналған актілердің көптілігін жоюды, сонымен бірге ескірген нормаларды табу;

3) жаңа актілердің жобаларын дайындау, қолданылып жүрген актілерге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы ұсыныстарды әзірлеу;

4) жаңадан қабылданған актілер, өз күшін сақтайтын бұрынғы актілерді белгілі жүйеге топтастырып, заңдар жинағы мен жиынтықтарына жиыстыру.

Заңдарда жүйелеудің жеңілдеу ұғымы – бұл оларды ықшамдауға бағытталған қызметтің бағыты.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Абсиметова, К. Д.** Актуальные проблемы применения нормативных постановлений судебными органами. В сб. материалов конференции «Юридическая природа нормативных постановлений Верховного Суда РК». – Астана, 2009. – С. 182.

2 **Власенко, Н. А.** Язык права. – Иркутск, 1997. – С. 143.

3 **Черданцев, Ф. Ф.** Юридические конструкции, их роль в науке и практике. // Правоведение, 1972. – № 3. – С.14.

4 Подробнее об этой проблеме см. в разделе «Актуальные проблемы применения нормативных постановлений судебными органами».

5 **Кашанина, Т. В.** Юридическая техника. – М., 2007. – С. 182–183.

6 **Тумов, В. В., Малиновская, Н. В.** Фикции как фактор становления иудейского и римского права// Вестник ВГУ. Серия право, 2008. – № 1. – С. 45–48.

7 **Кашанина, Т. В.** Юридическая техника. – М., 2007. – С. 190.

8 Нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан. – Астана, 2009. – С. 85.

Материал 02.07.15 редакцияға түсті.

*Н. А. Кадралиева, А. Я. Мусаева, С. С. Суркова*

**Значимость систематизации нормативных актов на сегодняшний день**

Таразский государственный университет имени М. Х. Дулати, г. Тараз  
Материал поступил в редакцию 02.07.15.

*N. A. Kadraliyeva, A. Ya. Musaeva, S. S. Surkova*

**The importance of the legal regulations systematization today**

M. Kh. Dulaty Taraz State University, Taraz.  
Material received on 02.07.15.

*В данной статье рассматривается значение систематизации, особенность, виды и методы нормативных актов. Систематизация нормативно-правовых актов правового регулирования, развития и совершенствования общественной жизни, настоятельная необходимость для оптимальных и эффективных потребностей визуализации.*

*In this article there is described the importance of organizing, features, types and methods of regulation. Systematization of the legal acts of legal regulation, development and improvement of social life, the urgent need for appropriate and effective visualization of legislation.*

### **А. Ж. Кадыркулов**

М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҒЫН АЛДЫН АЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Бұл мақалада Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын алуға байланысты құқықтық нормаларды жетілдіру мәселелері қарастырылған.*

*Кілтті сөздер: кәмелетке толмағандар, құқық бұзушылық, құқықтық нормалар, ювеналды полиция, ювеналды сот, омбудсмен.*

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты алдын алу, қоғамдағы құқық бұзушылықтың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады.

Кезінде нарық заманының нарбелін қайыстырған қиыншылықтарына кезіктік, уақыт өзгеріп, ұрпақ ауысты дедік, әйтеуір еліміздің ертеңгі болашағынан саналатын жастар тәрбиесін уыстан шығарып алғанымызды күні бүгіндері кеш аңғарып отырмыз. Қазір сол Одақ тұсындағыдай қуатты жастар қозғалысын қанша жерден қалпына келтіреміз деп талпынғанымызбен ісіміз ілгерілемей, шатқаяқтап келеді. Сонау Кеңес заманындағы «Октябрат», «Пионер», «Комсомол» ұйымдарының жастар өмірінде қандай рөл атқарып, олардың патриоттық сезіміне қалай әсер еткендігін енді аңғарғандаймыз. Сол ұйымдарға кіру, галстугін, значогін тағу үлкен мәртебе болып, ал кіре алмағандары намыстанып, көңілдері құлазитын. Сәл тәртіп бұзғандары қоғам алдында жиналыс арқылы талқыланатын болған. Сол себепті осы секілді жастарды жинақтылыққа, білімге, тәрбиеге бастайтын ұйымдар – бірінші кезекте бой көтеруі қажет деп ойлаймын. Қазір де мұндай ұйымдар жоқ емес, айталық облысымыздағы көптеген мектептерде «Мирас» ұйымдары жұмыс жасауда. Осы секілді ұйымдар барлық мектептерде орын алса – мұның да тәрбиеге зор ықпалы болар еді.

Соңғы жылдары есепте тұрған жасөспірімдер саны да өскен. Бұған себеп, қит етіп, қия басқан тәртібі «қиын» баланың жауапкершілігін құқық қорғау органдарына ысырып тастайтын білім ошақтарының әрекеттері. Мысалға, осыдан 2 жыл бұрын Алматы қаласында колонияға жіберілген балалардың

ұзын саны 1600-ді маңайлаған екен. Береке бірлігі азайған отбасылардан шыққан 1200-ге жуық баланың есепке алынуының [1] өзі, құлықсыз жүргізілген тәлім-тәрбие мен мектептің ата-ананы кінәлап, немесе керісінше ата-аналар қауымының білім ошақтарын жазғырып, жасөспірімдер тағдырын ары-тарт, бері тартқа салып, қақпақыл ойнатуынан орын алып отырған жағдай екендігін еске салады. Ал, мектептердің қамқорлығы мен ата-анасының аялы алақанына зәру панасыз сәбилердің мынау тұрлаусыз тіршіліктен іздеп табатыны – қылмыс пен тәртібі темірдей қатал колониялар ғана.

Жасөспірімдер жасайтын жантүршігерлік қылмыстардың қаулап өсіп, нашақорлықтың дендеген дертке айналуы қалай десек те тәлімді тәрбиенің жоқтығы мен қамқорлықтың аздығынан.

Әйтпесе, түнгі клубтарда есірткі таратылып, ақылы компьютер клубтары жан дүниесі жақсылық деп соққан жасөспірімнің санасын жақсылықтан ада жат қылықтармен улар ма еді. Жастардың алды кісі өлтіріп, адам тонаса, соңы күн көріс үшін тәнін саудалап, жезөкшелікке түссе, бұл да өз кінәміз, қоғамымыздың қасіреті. Қазір Алматыдағы Абай мен Саин көшелері қиылысында былайғы жұрт «балалар бұрышы» деп атап кеткен, кішкентай жезөкшелердің тұратын мекен-жайы бар екендігін бөлкім біреу білсе де, біреу білмес. Айтуға ауыр болса да ақиқаты осы. Олардың негізгі дені әке-шешелері маскүнемдікке салынып, ынтымағы бұзылған, жұмыссыз отбасылардан шыққан қыздар.

Жоғарыдағы мәселенің шығуына әсер еткен себептердің бірі – жұмыссыздық мәселесі. Осы себептен, мемлекетіміздің әлеуметтік саясаты ең алдымен жұмыс орындарын көбейтуге, қамқоршылары баланы оқытуға жағдайы келмеген кезде, кәмелетке толмағандарға мемлекеттің есебінен жоғарғы және арнайы орта білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Жасөспірімдер арасындағы заңға қайшы мінез-құлықтың алдын алудың неғұрлым тиімді шарасы, еліктегіш, құбылмалы мінез-құлқымен ерекшеленетін кәмелетке толмағандарды, әсіресе, қоғамға қарсы бағытталған жасөспірімдер топтарының лидерлерін дер кезінде анықтауға және олардың айналадағы адамдарға теріс ықпал жасауына жол бермеу болып табылады.

Тәртіпсіздік көрсеткен жасөспірімді өз сыныптастары алдында талқыға алып, оған заң талаптарын жете түсіндіріп, санасына жеткізу қазіргі оқу орындарының, ондағы ұстаздардың бірден-бір міндеті болуы керек. Мектептерде жиі-жиі ІБ-нің кәмелетке толмағандар инспекторының қатысуымен, кәмелетке толмағандар қылмыстарының алдын алу мақсатында, әр түрлі семинар, тәрбие сағаттары өткізіліп тұрса; есепте тұрған жасөспірімдерді әр түрлі спорттық көркемөнер, мәдени шараларға тарту мәселелері жүйелі түрде қарастырылып, тегін қызмет көрсететін ұйымдар, үйірмелер ашылса бұл да біраз мәселені реттеуге ықпалын тигізер еді.



Қазақ: «Қарақұстың ұясынан сұңқар ұшып шықпайды» деген. Мәселен, бала мектепке дейін қалай тәрбие алу керек деп емес, сол бала дүниеге келгенше тәрбиені қалай қалыптастыру керек деп ойланғанымыз жөн. Демек, талантты балаға да, тіпті әдеттегі қарапайым балаға да имандылықтың дәнін әу бастан егуіміз керек. Бала дүниеге келгеннен бастап, оның бойына дәстүрді, дінді сіңіру қажет. Ең бастысы, баланы мақтағанда «ағылшынша сайрап тұр», «орысша мүдірмей сөйлейді», «скрипкада ойнайды» – мұның бәрі оның тәнінің жеткен жетістігі. Ал, енді «Менің балам өте кішіпейіл», «өте жанашыр», «өте иманды», «өте бауырмал» деген сөз мақтаныштың алдыңғы сапында тұруы керек. Мен айтар едім – алдымен біліміне емес, тәрбиесіне көңіл аудару қажет. Тәрбие болғанда да, бүкіл тәрбиенің барлық бұйдасын алып келіп, имандылықтың құзырына байлап қою керек. Сонда ғана имандылықтан аттамаған, инабатты бала, ибалы бала – елінің есі де болады, әйелінің сесі де болады, батыр да, ақын да болады. Рас, қазір де дінге бет бұрған жастар баршылық. Қайта егде адамдардан көрі жастардың мешітке жиі барып, намазға жығылып, ораза ұстағанын байқап жүрміз. Ислам – Аллаһ тарапынан Адам әлейсаламнан бастап, қияметке дейін адамзатқа келген хақ дін. Яғни, жас па, кәрі ме, мәселе онда емес, Аллаһ Тағаланың алдында пенделердің бәрі тең. Әйгілі орыс жазушысы Лев Толстой «Саналы адамның ең ақырғы табан тіреген жері – Ислам» – деген. Ұлтымыздың ұлы ойшылы Абай: «Аллаһның өзі де рас, сөзі де рас» – деп өсиет айтса, атақты ғалым Альберт Эйнштейн де «Ғылыми ізденістің үлкен жетістігі – жаратушыға деген иман» деп атап көрсеткен. Міне, ақыл-ойдың кеменгерлерінің барлығы да өмірдің мән-мағынасын зерттей келе жаратушы бір Аллаһның барлығына иман келтірген. Ал, енді Аллаһқа мойынұсынып, ақырет күніне сенген азамат еш уақытта әділетсіздікке, қаталдық, зорлық-зомбылыққа бармауға тырысады. Осындай себептерден де, өскелең ұрпақтың Исламға белсене бет бұруын қалаймын.

Жас ұрпақ – қоғамдағы болашағы мол, екпінді әлеуметтік топ. Жастар қандай болса, белгілі дәрежеде біздің ертеңіміз де соған сәйкес болады. Сондықтан бұл мәселені мемлекеттік деңгейде қолға алар шақ келді.

Қылмыстылықпен күресте ең маңызды іс – оның алдын алу, одан сақтандыру екендігі белгілі. Осыған орай, жастардың психикалық және физиологиялық тұрғыдан сау болуына, олардың сыртқы әлемнен өзара қарым-қатынасы барысында және көмелетке толмағандар жасайтын қоғамға қауіпті әрекеттерге қатысты қолданылатын құқықтық нормаларды насихаттауға бағытталған арнайы бағдарламаны қабылдау аса қажет-ақ. Әрі аталмыш бағдарлама аясында біз мынадай іс-шаралардың жүзеге асырылғанын қалар едік:

1) жастарды кітап оқып, театрға баруға, жалпы рухани өсуге ынталандыру, олардың өмірге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру;

2) «Балаларға көмек көрсету орталығын» ашу, әрі мұндай орталықтарда қамқорлықсыз қалған балаларды, жетім балаларды, ата-анасы тастап кеткен балаларды, қараусыз қалған және қайыршылықпен айналысатын балаларды, әр түрлі себептермен күнелтуге қаржысы жоқ балаларды жан-жақты қамқорлыққа алу және тиісті тәлім-тәрбиемен қамтамасыз ету;

3) ұйымдастырушылық бағытында республикалық, аймақтық, облыстық және аудандық, ауданаралық жасы көмелетке толмағандар тұлғасы ерекшеліктерін қылмыстың алдын алуда ескерілуі нақтылы түрде қаралу;

4) Республика шеңберінде арнаулы мемлекеттік криминологиялық орталық, ғылыми зерттеу институты ашылып, оның басты бір бағыты – жасы көмелетке толмағандар қылмысының алдын алу мәселелері мен идеялары болуы қажет. Ол орталықтың бөлімшелері (топтары, лабораториялары) әрбір аймақ, облыстарда жұмыс жасауы қажет. Бұл жұмысқа жастар тәрбиесіне байланысты барлық мемлекеттік мекемелердің (әсіресе, білім, еңбек, әлеуметтік қорғау мекемелерінің), құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, педагогикалық, психологиялық, медициналық, тағы басқа әлеуметтік (профилактикалық) субъектілердің белсене қатысуын қамтамасыз ету;

5) көмелетке толмаған қылмыскерлермен жұмыс жүргізетін әлеуметтік және әлеуметтік-педагогикалық қызметтердің бөлімшелерін, яғни:

- ювеналдық полиция;
- ювеналдық соттар;
- реабилитациялық (патронаждық) қызметтер;
- омбудсмен (көмелетке толмағандар құқығы жөніндегі өкілі) қызметін

әр облыста, ауданда ашу [2];

6) бұрын сотталып, рақымшылық алған, берекесіз отбасыларынан шыққан жасөспірімдердің мамандық алып, жұмысқа араласуына жағдай жасау, олар үшін еңбекке бейімдеу орталықтарын құру;

7) міндетті квоталарды белгілеу жолымен көмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру және жастарға әлеуметтік көмек көрсету мен қазіргі жағдайға бейімдеу жүйесін қалыптастыру;

8) жастарға арналған әлеуметтік қызметтер кешенін, оның ішінде, жастардың еңбек биржасын, әлеуметтік-психологиялық көмек орталықтарын, наркологиялық қызметтер, балалар мен жастарға арналған баспаналар, жасы көмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған әлеуметтік сауықтандыру мекемелерін, заңдық көмек беру және демалыс орталықтарын көптеп құру;

9) оқу орындарында психо-педагогикалық қызметтер құру, сонымен бірге олардың типтік ережелерін жасау;

10) балаларды қорғау мәселесі жалпы әлеуметтік қорғау проблемасынан ажыратылуы тиіс.

Сонымен, ұсынылған шаралар, біздің пікірімізше, жасөспірімдердің құқықтық санасын жоғары деңгейге көтеруге, қоғамның ұмытыла

